



Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі агенттігі
Ұлттық статистика бюросы



Қазақстандағы ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

2015-2019

Статистикалық жинақ

Нұр-Сұлтан, 2020

Қазақстан Республикасының Стратегиялық
жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі
Ұлттық статистика бюросы



Қазақстандағы Орнықты даму мақсаттары

2015-2019

Статистикалық жинақ

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Бас редактор: Айдапкелов Н.С.

Қазақстандағы Орнықты даму мақсаттары / Статистикалық жинақ / қазақ тілінде / – 188 стр.

«Қазақстандағы Орнықты даму мақсаттары» статистикалық жинағы (бұдан әрі – жинақ) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жанындағы «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ мен Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) бірлескен бастамасының арқасында 2020 жылы алғаш рет әзірленді және шығарылды.

Бұл жинақты шығарудың мақсаты республикада орнықты даму мақсаттарының іске асырылуын мониторингтеуді қамтамасыз ету үшін көрсеткіштерді жүйелеу, жұртшылықты хабардар ету және пайдаланушылардың кең ауқымы тарапынан сұранысты қанағаттандыру болып табылады.

Осы жинақта ұсынылған деректер әртүрлі ресми дереккөздерден (статистикалық деректер мен өкімшілік есептілік) жиналып, негізгі 17 бөлім бойынша бөлінген.

Жинақ Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында қолжетімді www.stat.gov.kz.

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000
Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 8
Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі
Ұлттық статистика бюросы
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546

Электрондық мекенжай: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурс: <http://stat.gov.kz>

Шартты белгілер:

- құбылыс жоқ

0,0 – болмашы шама

X – деректер құпия

... – деректер жоқ

Жекелеген жағдайларда қорытынды мен қосындылар сомасы арасындағы елеусіз айырмашылықтар деректердің жуықталуымен түсіндіріледі.



КІРІСПЕ

Бас Ассамблеяның «Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібі» 70/1 қарарында әлемдік қоғамдастық үшін жаңа, өршіл және жалпыға ортақ күн тәртібі баяндалғаны белгілі, ол барлық мүдделі тараптар тарапынан елеулі саяси ерік-жігер мен өршіл іс-қимылды талап етеді. Бұл батыл реформаторлық іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру әлемді ешкімді артта қалдырмайтын орнықты және өміршең даму траекториясына шығара алады.

Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде Жаһандық дамудың жаңа күн тәртібіне бейілділігін білдірді және 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттары бойынша қабылданған міндеттемелерді кезең-кезеңімен іске асыруға кірісті.

2018 жылғы тамызда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ә.А. Смайыловтың басшылығымен Орнықты даму мақсаттары (ОДМ) жөніндегі Үйлестіру кеңесі құрылды. Бұл кеңес шеңберінде министрлер басқаратын 5 Ведомствоаралық жұмыс тобы (Адамдар, Өркендеу, Планета, Әлем және Әріптестік) жұмыс істейді. Барлық 5 топтың жұмысын ҚР Ұлттық экономика министрлігі үйлестіреді, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Хатшылықтың функцияларын жүзеге асырады.

2019 жылғы шілдеде БҰҰ-ның Жоғары деңгейдегі саяси форумында Қазақстан ОДМ іске асыру барысы туралы алғашқы Ерікті ұлттық шолуды ұсынды. Форум адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және олардың инклюзивтілігі мен теңдігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналды. Негізгі екпін алты тақырыптық мақсатқа жасалды: ОДМ 4 «Сапалы білім», ОДМ 8 «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу», ОДМ 10 «Теңсіздікті азайту», ОДМ 13 «Климаттың өзгеруімен күрес», ОДМ 16 «Әлем, сот төрелігі және тиімді институттар», ОДМ 17 «Орнықты даму мүддесіндегі әріптестік».

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (Ұлттық статистика бюросы) ОДМ көрсеткіштерін жинауды, таратуды және мониторингілеуді үйлестіруді қамтамасыз етеді, бұл ОДМ мониторингі саласындағы орталық рөл БҰҰ-ның Статистика бөліміне тиесілі халықаралық деңгейде қабылданған тәсілдерге сәйкес келеді.

БҰҰ көрсеткіштерінің жаһандық жүйесі негізінде ОДМ іске асыруға жауапты мемлекеттік басқару органдарымен, үкіметтік емес сектормен және халықаралық институттармен тығыз ведомствоаралық өзара іс-қимылда Ұлттық статистика бюросы ОДМ көрсеткіштерінің ұлттық тізбесін қалыптастырды. Оған жаһандық деңгейде мониторинг жүргізу үшін ұсынылған индикаторлар, сондай-ақ дамудың ұлттық басымдықтарын көрсететін индикаторлар кірді.

ОДМ сапалы мониторингі үшін деректерді қалыптастыру бойынша ұйымдастырушылық және әдіснамалық іс-шаралар кешені Қазақстанның 2020-2022 жылдарға арналған Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу мониторингі бойынша жол картасында көрсетілген.

ОДМ индикаторлары бойынша есептілік пен деректерді таратудың негізгі құралы ОДМ бойынша есептілікті ұсыну жөніндегі Ұлттық платформа болып табылады (<https://kazstat.github.io/sdg-site-kazstat/>). Платформа ОДМ-ға қол жеткізу бойынша ағымдағы жағдай туралы ОДМ-ды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар ұсынатын ақпаратты жинау мен жинақтаудың бірыңғай орталығы болып табылады.

Осы жинақта Қазақстан Республикасының орнықты дамуын көрсететін индикаторлар берілген.



Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының алғысөзі

Құрметті статистикалық ақпаратты пайдаланушылар!

Сіздердің назарларыңызға қазақстандық статистиканың 100 жылдық мерейтойына орайластырылған «Қазақстандағы Орнықты даму мақсаттары» атты 1-ші статистикалық жинақты ұсынуға рұқсат етіңіздер.

1920 жылғы 8 қарашада Қазақ АКСР Үкіметі «ҚазАКСР-дағы мемлекеттік статистика туралы ережені» қабылдады, бұл қазақстандық статистиканы қалыптастырудың және бірыңғай орталықтандырылған статистикалық жүйені құрудың бастауы болып табылады. Өзінің ғасырлық тарихында Қазақстан статистикасы дамудың бірнеше кезеңінен өтті және халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша Орталық Азия өңірінде көшбасшы бола отырып, қазір жаһандық деңгейде лайықты орын алады.

2030 жылға дейінгі Дамудың жаңа күн тәртібі немесе Орнықты дамудың 17 мақсаты (ОДМ) 2015 жылғы қыркүйекте Нью-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-інші сессиясында жаһандық дамудың негізгі бағдары ретінде қабылданды. Қазақстан ОДМ-ды іске асыруға бейілділігін жоғары деңгейде білдірді және қазірдің өзінде орнықты даму жолында ілгерілеп келеді, көптеген стратегиялық құжаттар осы құжаттың мақсаттары мен міндеттерін қамтиды.

БҰҰ Статистикалық комиссиясының ұсынымдарына сәйкес бұл процестегі негізгі рөл ресми статистикаға да жүктелген, осыған байланысты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ОДМ ұлттандыру процесіне белсенді түрде тартылған және 2030 жылға дейінгі Даму күн тәртібінің мақсаттары мен тиісті міндеттеріне мониторингті жүзеге асыру үшін сапалы деректерді қамтамасыз ету мақсатында елеулі күш-жігер жұмсайды.

Осы жинақта ұсынылған Қазақстанда ОДМ іске асыру жөніндегі статистикалық ақпарат мемлекеттік басқару органдары мен кәсіпкерлерден бастап, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар, академиялық топтар мен халықаралық институттар өкілдеріне дейін пайдаланушылардың кең ауқымының қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған.

Біз ұсынылған статистикалық деректер әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дамуға бағытталған негізделген шешімдерді қабылдауда маңызды рөл атқарады және Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуде елеулі прогреске қол жеткізуге мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

Біз «Қазақстандағы Орнықты даму мақсаттары» статистикалық жинағының келесі шығарылымын жақсартуға ықпал ететін орынды ескертулер мен ұсыныстар үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Нұрболат Айдапкелов

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма төрағасының алғысөзі

2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы күн тәртібінде көрсетілген ауқымды іс-қимыл жоспарын іске асыру бойынша Қазақстан қабылдаған міндеттемелер мониторинг жүйесін әзірлеуді талап етеді. Мұндай жүйе ОДМ-дың үш негізгі бағыттары бойынша жетістіктер мен ақауларды көрсете алар еді: кедейлікті жою, планетаның ресурстарын сақтау және барлығы үшін әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Бұл бағытта орнықты даму мақсаттары саласындағы жедел ақпарат алмасу маңызды рөл атқарады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл процестерінде көп жұмысты мүдделі тараптарға ресми статистикалық мәліметтерді ұсына отырып, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жүзеге асырады.

«Қазақстандағы орнықты даму мақсаттары» статистикалық жинағы Орнықты даму мақсаттары көрсеткіштерін іске асырудың динамикасын көрсететін алғашқы құжаттардың бірі болып табылады. Оның құндылығы мен өзектілігі өте жоғары, өйткені қазіргі кезде Қазақстан ОДМ индикаторлары мен міндеттерін тиімді жүзеге асырудың тетіктерін әзірлеу кезеңінде.

Бүгінгі таңда күн тәртібін іске асырудың институционалды негізі қалыптастырылған. 2018 жылғы қарашада Қазақстан Үкіметі жанынан Мақсаттар бойынша үйлестіру кеңесі құрылды, оның негізгі міндеттері – бірыңғай саясат шеңберінде ОДМ-ды іске асыру бойынша ұсыныстарды қарау және пысықтау; ОДМ бағыттары бойынша құрылған 5 ведомствоаралық жұмыс тобының қызметін үйлестіру; ОДМ бойынша Қазақстанның ұлттық ерікті шолуын қалыптастыруға қатысу және т.б.

Орнықты даму мақсаттары жөніндегі хатшылық рөлін «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ атқарады. Институт Қазақстанда ОДМ-ды ұлттық меншікке айналдыру және оқшаулау, ОДМ-ды іске асыру туралы Ерікті ұлттық шолу дайындауды қамтамасыз ету және т.б. жәрдем ету бойынша жұмысты жүргізеді.

Бұдан бөлек, Институт ОДМ-ды сәтті оқшаулау үшін БҰҰ әзірлеген әдістемелерді «Ешкімді сыртқа қалдырмау» қағидатын баса назар аудара отырып зерттейді, бейімдейді және қолданады.

ҚР ОДМ-ның статистикалық жинағы мемлекеттік органдарға, кәсіпкерлерге, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдеріне, сарапшыларға және басқа да мүдделі тұлғаларға Қазақстанда орнықты даму мақсаттарын жүзеге асырудың ағымдағы проблемалары мен мүмкіндіктері туралы белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Руслан Сұлтанов



Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының Тұрақты Өкілінің алғысөзі

Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының (БҰҰ ДБ) қолдауымен, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы дайындаған 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстандағы Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) мен көрсеткіштері бойынша алғашқы статистикалық есепті ұсынумен үшін зор қуаныш.

Көрсеткіштердің сенімді жүйесі ТДМ-ды және олардың нысаналы көрсеткіштерін басқару құралы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл елдерге жүзеге асыру стратегиясын әзірлеуге және ресурстарды тиісінше тағайындауға көмектеседі. Жүйе сондай-ақ тұрақты даму бағытындағы прогресті өлшеуге және ТДМ-на қол жеткізу процесінде барлық мүдделі тараптардың есеп беруін қамтамасыз етуге көмектеседі. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде тұрақты даму COVID-19 пандемиясымен бетпе-бет келіп отырған кезде сапалы әзірленген ТДМ көрсеткіштерінің мониторинг жүйесі ерекше маңызға ие.

Көрсеткіштер жүйесін құруға кедергі болып отырған негізгі шектеулердің бірі – ТДМ қатысты қолда бар деректердегі олқылықтар, сондай-ақ деректерді жинаудың жаһандық және Ұлттық әдіснамалары арасындағы кейбір сәйкессіздіктер. Кейбір жағдайларда, деректер болғанның өзінде, деректерді жынысы, жасы және басқа санаттары бойынша әрі қарай қажетінше топтастыру үшін көп қосымша жұмыс қажет.

Осы жағдайда, ТДМ-на қатысты деректердегі бар олқылықтарды жою және тиісті мүдделі тараптар мен ұлттық статистикалық орган арасында тиімді байланыс арналарын құру үшін ұлттық деңгейде жанама көрсеткіштерді пайдалану маңызды. Азаматтық қоғамның қатысуы ақпарат беретін өлшеу құралдарын әзірлеуге және ТДМ-ға жетудегі ілгерілеу туралы объективті кері байланысты жинауға көмектеседі. Бұл бүкіл Үкіметтегі билік өкілдері үшін қосымша деректер және дәлелдемелер жинақтауға ғана емес, сонымен бірге ұлттық статистика әлеуетін нығайтуға да оң ықпалын тигізеді.

Соңғы жылдары қол жеткізген бірталай жетістіктерге қарамастан, кейбір проблемаларды шешу, ұлттық және субұлттық деңгейлерде тиімді жұмыс істейтін статистикалық мониторинг жүйесінің негізін құру үшін, әлі де айтарлықтай адами және қаржылық ресурстар қажет. Бұл саладағы елеулі ілгерілеу ұлттық даму жағдайын түбегейлі өзгертіп, жергілікті деңгейде, әсіресе осал топтар арасындағы проблемаларға мұқият талдау жүргізуге және халыққа неғұрлым тиімді нәтиже беретін дәлелді саяси шешімдердің қалыптасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, барлық серіктестерге осы бірлескен жұмыс үшін алғыс айтқым келеді. Тұрақты даму мақсаттары – өте ауқымды іс, сондықтан оларды жүзеге асыру бүкіл қоғамның қатысуын талап етеді. БҰҰ ДБ көптеген мүдделі тараптармен ТДМ-на қол жеткізу жолында, ешкімді артта қалдырмай, Қазақстан халқының игілігі үшін жұмыс істеуге дайын.

Якуп Бериш

Алғыс білдіру

Ұлттық статистика бюросы «Қазақстандағы орнықты даму мақсаттары» алғашқы статистикалық жинағын дайындау кезінде қолдау өз бағыттары бойынша ақпарат ұсынған мемлекеттік органдар қатарынан ОДМ мониторингі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының барлық мүшелеріне көрсеткені үшін алғысын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Орнықты даму мақсаттары жөніндегі хатшылықтағы әріптестеріміз жинақтың талдамалық мазмұнын дайындауға өзінің құнды үлесін қосқан Бақытгүл Хамбар (Хатшылық директоры) және Алтынгүл Өтебаеваға (Хатшылық директорының орынбасары) жеке алғысымызды білдіргіміз келеді.

БҰҰ Даму Бағдарламасына, атап айтқанда Әйгерім Егембердиева (жоба басшысы) және Алмас Асқарұлы (ассистенті) тұлғасында «Қазақстандағы ОДМ ұлттық тұғырнамасын құру үшін әріптестік» жобасына ерекше ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Осы жинақты дайындауда ғана емес, жалпы алғанда Қазақстандағы ОДМ мониторингі саласындағы барлық іс-шаралар бойынша техникалық және қаржылық қолдауы үшін.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының алғысөзі	6
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма төрағасының алғысөзі	7
БҰҰ Даму Бағдарламасының Қазақстандағы Тұрақты өкілінің алғысөзі	8
Ризашылық білдіру	9
1-МАҚСАТ «КЕДЕЙЛІКТІ БАРЛЫҚ НЫСАНДАРЫНДА ЖАППАЙ ЖОЮ»	12
2-МАҚСАТ «АШТЫҚТЫ ЖОЮ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУДЫ ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ»	20
3-МАҚСАТ «САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАСТАҒЫ БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН ӘЛ-АУҚАТҚА ЫҚПАЛ ЕТУ»	30
4-МАҚСАТ «ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ӘДІЛ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН ӨМІР БОЙЫ ОҚУ МҮМКІНДІГІН КӨТЕРМЕЛЕУ»	48
5-МАҚСАТ «ГЕНДІРЛІК ТЕНДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ»	64
6-МАҚСАТ «СУ РЕСУРСТАРЫ МЕН САНИТАРИЯНЫҢ БАР БОЛУЫН ЖӘНЕ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»	72
7-МАҚСАТ «БАРЛЫҒЫНА ҚЫМБАТ ЕМЕС, СЕНІМДІ, ОРНЫҚТЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»	78
8-МАҚСАТ «ҮДЕМЕЛІ, БАРЛЫҒЫН ҚАМТИТЫН ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНІМДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ БАРШАҒА ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ»	84

9-МАҚСАТ «ОРНЫҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ, БАРЛЫҒЫН ҚАМТИТЫН ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ»	98
10-МАҚСАТ «ЕЛДЕР ІШІНДЕГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ»	110
11-МАҚСАТ «ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АШЫҚТЫҒЫН, ҚАУІПСІЗДІГІН, ӨМІРГЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»	116
12-МАҚСАТ «ОҢТАЙЛЫ ТҰТЫНУ МЕН ӨНДІРУ ҮЛГІЛЕРІНЕ ӨТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ».....	126
13-МАҚСАТ «КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЛАРЫМЕН ҚАРСЫ КҮРЕС БОЙЫНША ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ»	132
14-МАҚСАТ «МҰХИТТАРДЫ, ТЕҢІЗДЕРДІ ЖӘНЕ ТЕҢІЗ РЕСУРСТАРЫН ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ САҚТАУ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛЫ ПАЙДАЛАНУ»	136
15-МАҚСАТ «ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҢТАЙЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ, ОРМАНДЫ ОҢТАЙЛЫ ПАЙДАЛАНУ, ШӨЛЕЙТТЕНУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС, ЖЕРДІҢ ТОЗУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ КЕРІ БҰРУ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ ЖОҒАЛТУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ»	140
16-МАҚСАТ «ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ БЕЙБІТШІЛІК СҮЙГІШ ЖӘНЕ АШЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ, БАРЛЫҒЫ ҮШІН СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕ ТИІМДІ, ЕСЕП БЕРЕТІН ЖӘНЕ БҰҚАРАНЫҢ ҚАТЫСУЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН МЕКЕМЕЛЕР ҚҰРУ»	150
17-МАҚСАТ «ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ ЖАҒАНДЫҚ ӘРІПТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛДАРЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ЖАНДАНДЫРУ».....	160
ДЕРЕКТЕР КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ	172



1-МАҚСАТ

«КЕДЕЙЛІКТІ БАРЛЫҚ НЫСАНДАРЫНДА ЖАППАЙ ЖОЮ»

Кедейлік орнықты негізде өмір сүруге қаражатты қамтамасыз ету үшін табыс пен ресурстардың жетіспеушілігінен көрінеді. Кедейліктің көптеген көріністері бар: аштық, тоя тамақтанбау, жұмыссыздық, білімге қолжетімділіктің шектеулі болуы, әлеуметтік оқшаулану және табиғи апаттар мен ауруларға осалдықтың жоғары деңгейі, адамдарға нәтижелі өмір сүруге мүмкіндік беретін шешімдерді қабылдаудың мүмкін еместігі.

700 миллионнан астам адам әлі де кедейлік жағдайында өмір сүреді. Олардың 70%-ы Оңтүстік Азия мен Африка елдерінде тұрады. Кедейлік проблемасы дамыған елдер үшін де өзекті, мұнда қазіргі уақытта 30 миллионнан астам бала кедейлік шегінен төмен өмір сүреді. Бұл дегеніміз, бұл адамдар күніне 1.25-1.90 доллардан аз сомаға күн көреді.

Әлемдегі кедейлікті жоюға болады дейді әйгілі экономистердің бірі Джефри Сакс. Өзінің «Кедейліктің соңы» кітабында экономист алдағы 20 жылда бүкіл әлем бойынша қайыршылықты жою жөніндегі жаһандық науқан 175 млрд. АҚШ долларын, яғни әлемдегі ең бай елдердің жалпы кірісінің 0,7%-ын құрайды деп есептеп шыққан.

Қазақстандағы 1 ОДМ бойынша прогресс:

Соңғы 20 жылда кедейлік деңгейінің елеулі төмендеуі және халықтың сатып алу қабілетінің артуы байқалады.

1996 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстанда кедейлік деңгейі 34,6%-дан 4,6%-ға дейін қысқарды.

Джини индексінің мәні 2001 жылдан бастап 1,3 есе, 0,290-ға дейін төмендеді, яғни қалыпты теңсіздік. Сондай-ақ, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 46,7%-дан 4,3%-ға дейін төмендеді. Кедейлік тереңдігі 2001 жылдан бастап 37 есе, яғни тиісінше 14,8%-дан 0,7%-ға дейін, кедейлік өткірлігі – 33 есе, 6,5%-дан 0,2%-ға дейін төмендеді.

Дүниежүзілік банктің деректеріне сәйкес қазақстандықтардың сатып алу қабілеті бүгінде күніне 5,5 АҚШ долларымен өлшенеді, бұл күніне 1,25 АҚШ долларын құрайтын ОДМ қайыршылық деңгейімен салыстырғанда жақсы көрсеткіш болып табылады.

5,5 АҚШ долларына баламалы сатып алу қабілеті Қазақстан экономикасы жағдайының жақсы көрсеткіші болып табылады. Табыс деңгейі ұқсас көптеген басқа елдермен салыстырғанда Қазақстандағы кедейлік соншалықты өткір және жүйелі проблема болып табылмайды. Қазақстанда халықаралық кедейлік шегінен тыс өмір сүретін халық санының қысқару үрдісі байқалады. 2015-2019 жылдар кезеңінде САҚТТ бойынша күніне 5,5 АҚШ доллары деңгейінде халықаралық кедейлік шегінен тыс өмір сүретін халық үлесінің 9,9%-ға төмендеуі байқалды және 6,2%-ды құрады.

Сонымен қатар, тұрғылықты жері бойынша да, гендерлік белгісі бойынша да халықтың табысындағы алшақтық сақталуда. 2019 жылы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл халқының үлесі 6,6%-ды құрады, ал қалалық жерлерде бұл көрсеткіш 2,7%-ды құрады.

Үкімет кірістердегі алшақтықты азайту үшін жүйелі шаралар қабылдауда. Мәселен, COVID-19 пандемиясы жағдайында елде халықтың аз қамтылған және мұқтаж жіктерін қолдау мақсатында халыққа төлемдер көбейді. Сонымен, жұмысынан айрылу себебінен халыққа төленетін төлемдер 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 47,7 мың адамнан 63,9 мың адамға дейін немесе 34%-ға, ал 2015 жылмен салыстырғанда 37,8 мың адамға немесе 2,4 есеге дерлік ұлғайды.

Жалпы, 2015-2019 жылдары жалпы бюджетке әлеуметтік қорғауға арналған мемлекеттік шығыстардың үлесі 19,3%-дан 23,2%-ға дейін ұлғайды.

1.1-міндет

2030 жылға қарай бүкіл әлемдегі барлық адамдар үшін қайыршылықты жою (қазіргі уақытта қайыршылық күніне 1,25 АҚШ долларынан аз сомаға күн көру ретінде айқындалады)

1.1.1 Кедейліктің халықаралық шегінен тыс өмір сүретін халық үлесі (пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
САҚТТ бойынша күніне 1,9 АҚШ доллары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
САҚТТ бойынша күніне 3,2 АҚШ доллары	0,7	0,5	0,5	0,3	0,2
САҚТТ бойынша күніне 5,5 АҚШ доллары	16,1	13,7	11,4	8,5	6,2


1.2-міндет

2030 жылға қарай ұлттық анықтамаларға сәйкес қайыршылық жағдайында өмір сүретін барлық жастағы ерлердің, әйелдердің және балалардың үлесін кем дегенде жартысына азайту

1.2.1 Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі (пайыз)

	2015	2016	2017	2018	2019
Барлық халық	2,6	2,5	2,7	4,3*	4,3
<i>жергілікті жері бойынша</i>					
қалалық жер	1,3	1,3	1,2	2,5	2,7
ауылдық жер	4,4	4,4	4,5	6,7	6,6
<i>жынысы бойынша</i>					
ерлер	2,7	2,6	2,7	4,4	4,5
әйелдер	2,6	2,5	2,6	4,2	4,2


* 2018 жылғы қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің құрылымы өзгерді. Азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге шығыстардың тіркелген үлесі ең төмен тұтыну себеті құнының 45% - ы мөлшерінде белгіленген (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 7 қыркүйектегі № 296 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 354 бірлескен бұйрығы).



1.3-міндет

Ең төменгі деңгейлерді белгілеуді қоса алғанда, барлығына арналған тиісті жүйелер мен әлеуметтік қорғау шараларын ұлттық деңгейде енгізу және 2030 жылға қарай халықтың кедей және осал топтарын елеулі қамтуға қол жеткізу


1.3.1 Мемлекеттік зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың саны (мың адам)



1.4-міндет

2030 жылға қарай барлық ерлер мен әйелдердің, әсіресе аз қамтылған және осал топтағы адамдардың экономикалық ресурстарға тең құқықтары болуын, сондай-ақ микроқаржыландыруды қоса алғанда, базалық қызметтерге, жерді және меншіктің басқа да нысандарын иеленуге және билік етуге, мұраға қалдырылған мүлікке, табиғи ресурстарға, тиісті жаңа технологиялар мен қаржылық қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету

1.4.2 Жерді иеленетін ересек халықтың үлесі (меншік иелері және жер пайдаланушылар) (пайыз)



1.5-міндет




2030 жылға қарай аз қамтылған және осал топтағы адамдардың өмірге төзімділігін арттыру және климаттың өзгеруінен туындаған экстремалды құбылыстар мен басқа да экономикалық, әлеуметтік және экологиялық күйзелістер мен зілзалалар алдындағы олардың қорғалмауы мен осалдығын азайту

1.5.1 Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде зардап шеккендер мен қаза тапқандар саны

Зардап шеккендер саны, барлығы	100 000 адамға зардап шеккендер саны	Жыл	Зардап шеккендердің жалпы санынан қаза болғандар, барлығы	100 000 адамға қаза болғандар саны
8	0,05	2015	0	0
8	0,04	2016	1	0,006
35	0,19	2017	11	0,06
8	0,044	2018	1	0,005
9	0,049	2019	2	0,011

1.5.2 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан келтірілген залалдың сомасы

(мың теңге)





	Залал сомасы, барлығы	оның ішінде төтенше жағдайлардан	
		табиғи сипаттағы	техногенді сипаттағы
			
2015	8 710 204,7	5 053 460,0	3 656 744,7
2016	5 003 003,0	1 266 829,0	3 736 174
2017	7 440 383,5	2 613 906,9	4 826 476,6
2018	5 234 580,1	1 219 596,0	4 014 984,1
2019	6 543 794,9	1 190 605,2	5 353 189,7

1.а-міндет

Әртүрлі көздерден маңызды ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз ету, оның ішінде дамушы елдерге, әсіресе аз дамыған елдерге қайыршылықтың барлық түрлерін жою жөніндегі бағдарламалар мен стратегияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті және болжамды қаражат ұсыну үшін даму мақсатында ынтымақтастықты жандандыру негізінде

1.а.2 Мемлекеттік шығыстардың жалпы сомасындағы негізгі қызметтерге арналған шығыстардың үлесі


(пайыз)


	 Білім беру	 Денсаулық сақтау	 Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	 Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	БАРЛЫҒЫ
2016	15,9	9,9	19,1	3,1	10,7
2017	13,6	8,3	17,1	2,9	10,7
2018	15,9	9,5	22,4	3,7	10,8
2019	15,6	8,6	23,2	3,1	11,2

1.b-міндет

Ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде қайыршылықты жою жөніндегі іс-шараларға жедел инвестициялауға жәрдемдесу үшін кедейлік мүдделері мен гендерлік аспектілерді ескеретін даму стратегиялары негізге алынатын сенімді стратегиялық тетіктерді құру

1.b.1 Әлеуметтік қорғауға арналған мемлекеттік шығыстардың үлесі жалпы бюджетке пайызбен (пайыз)







2-МАҚСАТ

«АШТЫҚТЫ ЖОЮ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУДЫ ЖАҚСARTU ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ»

Табиғи апаттар, егіннің шықпауы, соғыстар және ресурстарды ұтымсыз пайдалану бүкіл әлемде азық-түліктің жетіспеушілігін тудырады. Аш адамдар жұмысқа қабілеттілігін жоғалтады, ауруларға осал болады, көп ақша таба алмайды және өмір сүру жағдайларын жақсартып алмайды. Қазіргі уақытта 800 миллионға жуық адам аштық пен тойып тамақтанбаудан зардап шегуде. Олардың көпшілігі дамушы елдерде тұрады, бірақ бұл мәселе толығымен шешілген континент жоқ.

2030 жылға қарай аштықты жою үшін кедейлерге азық-түлікке қолжетімділік беру және олардың өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін ауылдық және қалалық жерлерге инвестициялар және әлеуметтік қорғау қажет болады. Орта есеппен жыл сайын қосымша шығындар шамамен 267 млрд. АҚШ долларын құрайды (Дүниежүзілік Банктің есептеуі бойынша).

Қазақстандағы 2 ОДМ бойынша прогресс:

Бүгінгі таңда елдің азық-түлік қауіпсіздігі 80%-дан астам жергілікті өндіріспен қамтамасыз етіледі. Бұған дамыған агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығын дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар айтарлықтай ықпал етеді. Жергілікті өндірушілер ұн, нан-тоқаш және макарон өнімдері, жарма, ет, сүт өнімдері мен көкөністер сияқты негізгі тұтыну тауарларына ішкі сұранысты қанағаттандырады.

Бұл ретте, республикада топырақтың экологиялық жай-күйінің нашарлауы, су және жел эрозиясының дамуы, құнарлылықтың төмендеуі байқалады.

Қазақстанда тұрақты суарылатын 600 мың гектар жерді қалпына келтіру қажет.

Топырақ құнарлылығын сақтау мәселесі бар. Ауылшаруашылық өндірушілері бір гектар жерге дақылдарды өсіру кезінде тыңайтқыштардың жеткіліксіз мөлшерін пайдаланады – бар-жоғы 4 кг. Мысалы, Беларусьте бұл көрсеткіш 200 кг тыңайтқыш, Ресейде – 50 кг дейін, Украинада – 100 кг дейін. Нәтижесінде Қазақстандағы ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі ұқсас климаттық жағдайдағы елдердің деңгейінен едәуір артта қалады.

Азық-түлік қауіпсіздігінің халықтың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуде маңызды мәні бар. Осыған байланысты, Қазақстанда ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру бойынша жүйелі шаралар қабылдануда. Талдау көрсеткендей, соңғы 5 жылда бұл көрсеткіш 2 есеге жуық өсті. Бұл ретте, ең жоғары өсім Маңғыстау, Павлодар облыстарында байқалды, онда ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі тиісінше 4 және 2,3 есе ұлғайды. Еңбек өнімділігін арттыру мақсатында заманауи технологиялар енгізілуде. Мәселен, 2015-2019 жылдары су үнемдеу технологиялары пайдаланылатын суармалы жерлердің ауданы 74 мың гектарға ұлғайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, бұл ретте Қазақстан үшін «жасырын аштық» деген термин өзекті болып табылады, ол дұрыс тамақтанбаумен, семіздікпен, сондай-ақ микроэлементтердің тапшылығымен көрінеді. Қазақстан үшін қазіргі уақытта аштық емес, тамақтану сапасы маңызды проблемаға айналып отыр.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) болжамды деректеріне сәйкес 2050 жылға қарай Еуропа мен Орталық Азияда табыс деңгейі төмен және орташа елдер әлемдегі семіздіктің ең жоғары көрсеткіштерінің біріне ие болады.




Мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу деректері бойынша 2015 жылы артық салмағы бар балалардың үлесі 9,3%-ды құрады, ал 2010 жылы бұл көрсеткіш 13,3%-ды құрады. Аз қозғалмалы өмір салтын ескере отырып, қалалық жерлерде балалар ауылдық жерлерге қарағанда артық салмаққа (3,6%-ға) бейім.

2.1-міндет

2030 жылға қарай аштықты жою және барлығына, әсіресе халықтың аз қамтылған және осал топтарына, соның ішінде сәбилерге жыл бойы қауіпсіз, құнарлы және жеткілікті тағамға қол жеткізуді қамтамасыз ету

2.1.1 Тойып тамақтанбаудың таралуы

(пайыз)

		2015	2016	2017	2018	2019
Халық – барлығы		3,1	4,5	3,6	4,6	4,1
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	қалалық жер	3,2	4,6	3,5	4,5	4,1
	ауылдық жер	2,5	3,7	3,0	3,7	3,1

2.1.2 Халықтың азық-түлік қауіпсіздігінің орташа немесе жіті болмау деңгейі

(«Азық-түлік қауіпсіздігінің жоқтығын қабылдау шкаласы» бойынша)

(пайыз)

		2015	2016	2017	2018	2019
						
	Азық-түлік қауіпсіздігінің қалыпты және жедел болмауы	7,8	7,8	7,8	4,2	5,3
	Азық-түлік қауіпсіздігінің жедел болмауы	1,4	1,4	1,4	1,7	1,9

* ФАО деректері бойынша

2.2-міндет

2030 жылға қарай тойып тамақтанбаудың барлық нысандарын жою, оның ішінде 2025 жылға қарай бес жасқа дейінгі балалардың өсуінің тежелуімен және арықтауымен күреске қатысты халықаралық деңгейде келісілген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу және жасөспірім қыздардың, жүкті және бала емізетін әйелдер мен қарттардың тамақтану қажеттіліктерін қанағаттандыру

2.2.1 Бес жасқа дейінгі балалар арасында өсудің тежелуінің таралуы (пайыз)



Өсудің тежелуінің таралуы:	Нормадан ауытқудың орташа және күшті дәрежесі		Нормадан ауытқудың күшті дәрежесі	
	2010	2015	2010	2015
	13,1	8,0	5,4	2,4

жергілікті жері бойынша

	қалалық жер	12,8	7,2	5,7	2,3
	ауылдық жер	13,4	8,9	5,1	2,5


жынысы бойынша

	ұлдар	13,2	7,7	5,5	2,3
	қыздар	13,0	8,3	5,3	2,6






жасы бойынша

0-5 ай	10,7	5,0	3,7	1,9
6-11 ай	13,8	5,8	6,6	1,6
12-17 ай	-	6,8	-	3,2
18-23 ай	-	11,0	-	5,0
12-23 ай	18,6	-	8,1	-
24-35 ай	14,4	11,5	6,5	3,0
36-47 ай	11,6	8,4	5,3	2,0
48-59 ай	8,1	6,0	1,7	1,4


* Бір жолғы зерттеу деректері бойынша 4 және 5 раундтағы Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (МИКС)




2.2.2 Бес жасқа дейінгі балалар арасында түрлері бөлінісінде толыққанды тамақтанбаудың таралуы (пайыз)

	Әлсіреу/салмақ жоғалту				Семіздік/артық салмақ қалыпты және қатты ауытқу деңгейі	
	Нормадан ауытқудың қалыпты және күшті дәрежесі		Нормадан ауытқудың күшті дәрежесі			
	2010	2015	2010	2015	2010	2015
Дұрыс тамақтанбаудың таралуы – барлығы:	4,0	3,1	1,6	1,1	13,3	9,3
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
 қалалық жер	4,9	3,1	2,1	1,3	13,7	11,2
 ауылдық жер	3,3	3,1	1,3	0,8	13,0	7,6
<i>жынысы бойынша</i>						
 ұлдар	4,4	2,9	1,9	1,1	14,8	8,7
 қыздар	3,7	3,3	1,4	1,0	11,8	10,0
<i>жасы бойынша</i>						
0-5 ай	13,4	13,7	7,4	4,9	9,8	5,8
6-11 ай	4,4	2,8	1,0	1,0	19,0	12,5
12-17 ай	-	1,7	-	0,8	-	15,1
18-23 ай	-	3,5	-	0,9	-	10,1
12-23 ай	2,1	-	0,6	-	17,4	-
24-35 ай	2,5	1,8	1,2	0,9	12,9	10,5
36-47 ай	2,4	1,7	0,7	0,2	11,6	8,0
48-59 ай	4,5	1,9	1,8	0,7	9,7	6,5

* Бір жолғы зерттеу деректері бойынша 4 және 5 раундағы Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (МИКС)




2.2.3 15-49 жастағы жүкті әйелдер арасында анемия ауруы (пайыз)



2.3-міндет

2030 жылға қарай ауыл шаруашылығының өнімділігін және ұсақ азық-түлік өндірушілердің, атап айтқанда әйелдердің, байырғы халықтардың өкілдерінің, фермерлік отбасылық шаруашылықтардың, малшылар мен балықшылардың кірістерін, оның ішінде жерге, ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа да өндірістік ресурстары мен факторларына, білімге, қаржылық қызметтерге, ауыл шаруашылығы емес секторларда қосылған құнды және жұмыспен қамтуды ұлғайту үшін нарықтар мен мүмкіндіктерге кепілді және тең қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы екі еселеу

2.3.1 Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі (мың теңге)



2.4-міндет

2030 жылға қарай тамақ өнімдерін өндірудің орнықты жүйелерін құруды қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін енгізу, олар өміршеңдік пен өнімділікті арттыруға және өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, экожүйелерді сақтауға ықпал етеді, климаттың өзгеруіне, төтенше ауа райы құбылыстарына, құрғақшылыққа, су тасқыны мен басқа да апаттарға бейімделу қабілетін нығайтады және жер мен топырақтың сапасын біртіндеп жақсартады

2.4.1 Жалпы егіс алаңындағы нүктелі егіншіліктің енгізілген технологияларының үлес салмағы

(пайыз)



	2018	2019
БАРЛЫҒЫ		
Қазақстан Республикасы	0,09	3,5

2.4.1.1 Су үнемдеу технологиялары пайдаланылатын суармалы жерлердің ауданы

(тамшылатып суару, жаңбырлату)

(мың га)








	2015	2016	2017	2018	2019
БАРЛЫҒЫ	136,5	170,3	183,4	215,5	210,5
Қазақстан Республикасы					

2.5-міндет

2020 жылға қарай тұқымдар мен өсірілетін өсімдіктердің, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен үй жануарларының және олардың тиісті жабайы түрлерінің генетикалық әртүрлілігін, оның ішінде тұқымдар мен өсімдіктердің алуан түрлі банктерін ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде тиісінше ұстау арқылы сақтауды қамтамасыз ету және генетикалық ресурстарға және олармен байланысты дәстүрлі білімге қолжетімділікті кеңейтуге және халықаралық деңгейде келісілген шарттарда оларды қолданудан түсетін пайданы әділ және тең негізде бірлесіп пайдалануға жәрдемдесу

2.5.2 Тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері санының өсуі (пайыз)

	 Ақбөкендер	 Кермарал	 Құлан	 Қарақұйрық	 Арқар
2015	15,1	4,5	5,1	1,5	6,6
2016	-63,3	42,3	5,9	0,2	1,7
2017	40,9	15,2	4,6	3,8	5,1
2018	41,0	3,7	2,9	2,3	1,5
2019	55,5	2,5	2,3	2,3	5,2

2.а-міндет

Дамушы елдердің, әсіресе неғұрлым төмен дамыған елдердің ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы әлеуетін нығайту мақсатында, оның ішінде халықаралық ынтымақтастықты жандандыру арқылы ауыл инфрақұрылымына, ауыл шаруашылығы зерттеулері мен агронасихаттауға, технологияларды дамытуға және өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық банктерін құруға инвестицияларды ұлғайту

2.а.1 Мемлекеттік шығыстардың құрылымы бойынша айқындалатын ауыл шаруашылығына бағдарлану индексі (пайыз)

	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы	0,6	0,7	0,8	0,6	0,8


2.а.2 Ауыл шаруашылығына ресми қаражаттың жиынтық ағыны (млн. АҚШ доллары)

	2015	2016	2017	2018
Қазақстан-алушы	68,65	4,27	45,61	15,59
Қазақстан-донор	...	0,003	0,003	0,801

2.с-міндет

Азық-түлік тауарлары мен оларды қайта өңдеу өнімдері нарықтарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау және азық-түлік бағаларының шамадан тыс құбылмалылығын шектеуге көмектесу мақсатында нарықтық ақпаратқа, оның ішінде азық-түлік резервтері туралы ақпаратқа уақтылы қол жеткізуге жәрдемдесу

2.с.1 Азық-түлік нарығындағы баға ауытқуларының көрсеткіші (индекс)



	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы	0,1	-0,4	0,0	0,1	1,2

* ФАО деректері бойынша





3-МАҚСАТ

«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАСТАҒЫ БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН ӘЛ-АУҚАТҚА ЫҚПАЛ ЕТУ»

Балалардың, аналардың денсаулығын сақтау, жұқпалы ауруларға қарсы тұру саласындағы проблемалар әлі күнге дейін еңсерілген жоқ. Бүгінгі күнге дейін әлемде денсаулық сақтауға қолжетімділіктің теңсіздігі сақталып отыр. Ең кедей отбасыларда туылған балалардың бес жасқа дейін өмір сүре алмау ықтималдығы едәуір ауқатты отбасылардағы балалар үшін бұл ықтималдылықтан екі есе жоғары. Дамушы елдерде ана өлімінің деңгейі дамыған елдерге қарағанда 14 есе жоғары. Жыл сайын 6 миллион бала бес жасқа дейін өмір сүрмей қайтыс болады, ал дамушы елдердегі әйелдердің жартысы ғана қажетті медициналық көмекке қол жеткізе алады.

Санитария мен гигиена, медициналық қызметтерге қол жеткізу, ауаның ластануымен күрес саласындағы білім орнықты денсаулық сақтаудың негізгі элементтері болып табылады.

Жеткілікті қаржыландыру халықтың базалық медициналық қызметтерге қол жеткізу деңгейін, сондай-ақ ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың пікірінше, жалпы имундауға жұмсалған миллиард АҚШ доллары жылына миллион баланың өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Орнықты денсаулық сақтау барлығынан маңызды күш-жігерді және қосымша қаражатты жұмылдыруды қажет етеді, мұнда нәтиже кез-келген шығыстар мен шығындардан жоғары тұрады.

Қазақстандағы 3 ОДМ бойынша прогресс:

Қазақстанда денсаулық сақтау саласын дамытуға көп көңіл бөлінуде.

Денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, қаржыландыруды жақсарту және денсаулық сақтауды цифрландыруды дамыту бойынша бірқатар ұзақ мерзімді міндеттер айқындалды.

Бес жыл ішінде денсаулық сақтау мен білім беруге арналған шығыстар жалпы ішкі өнім мөлшерінен 7,4%-дан 10%-ға дейін ұлғайтылатын болады. Бүгінгі таңда Қазақстан денсаулық сақтауға ЖІӨ-ге шамамен 3,4% жұмсайды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде соңғы 18 жылда өмір сүру ұзақтығы 7,55 жылға артты.

Ана мен баланы қорғау жөнінде пәрменді шаралар қабылдаудың арқасында елде 2000 жылдан бастап ана өлімі 5 есеге дерлік төмендеп, 100 мың тірі туылғандарға шаққанда 13,7-ні құрады, ал нәресте өлімі 2,3 есе азайды және 1000 тірі туылғандарға шаққанда 10,69-ды құрады. Бұл ретте, 2015-2019 жылдары жекелеген өңірлерде ана өлімінің айтарлықтай өсуі байқалды: Алматы (9,8-ден 25,4-ке дейін), Жамбыл (3,8-ден 11,8-ге дейін), Алматы қаласы (2,4-тен 15,4-ке дейін). Нәрестелер өлімі туралы айтатын болсақ, қыздар арасындағы өлім-жітім ұлдар арасындағы өлім-жітімнен әлдеқайда төмен екенін атап өткен жөн. Сонымен, 2019 жылы 5 жасқа дейінгі ұлдардың өлімі 1000 туылғанға 12,03, ал қыздардың өлімі 1000 туылғанға 9,25 құрады.

Халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығын арттыру бойынша қабылданған шаралар оң нәтижелер береді. Мәселен, 2015-2019 жылдары жүрек-қан тамырлары ауруларынан, обырдан, қант диабетінен, созылмалы респираторлық аурулардан болатын өлім-жітім 21,12%-дан 17,41%-ға дейін қысқарды. Сондай-ақ, суицидтен болатын өлім-жітімнің тұрақты төмендеуі байқалады. Бұл ретте, өліммен аяқталған суицидтер ерлер арасында жиі кездесетінін атап өту қажет: 2019 жылы ерлердің өз-өзіне қол жұмсауынан болатын өлім-жітім 100 000 тұрғынға шаққанда 22,39-ды, ал әйелдерде 100 000 тұрғынға шаққанда 3,82-ні құрады. Осыған ұқсас жағдай жол-көлік оқиғалары салдарынан өлім-жітім бойынша байқалады. 2019 жылы бұл көрсеткіш ерлер арасында 100 000 тұрғынға шаққанда 22,16, әйелдер арасында 100 000 тұрғынға шаққанда 7,41 құрады.

Қазақстан туберкулезбен алғашқы сырқаттанушылықты азайту бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізді, соңғы 5 жылда бұл көрсеткішті 22%-ға төмендетті.


Жалпы республика бойынша 10 000 тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз ету 37 дәрігерді құрайды, бұл ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішімен (30,8 дәрігер) салыстыруға келеді. Бұл ретте, қалалық және ауылдық жерлер арасында дәрігерлермен қамтамасыз етуде елеулі алшақтық сақталып отыр.

Қазақстанның оң жетістіктерінің бірі денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтудың жоғары деңгейі болып саналады, оны дамыған елдердің деңгейімен салыстыруға болады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша халықты иммундаумен қамту 96,7% құрады. 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде диспансерлік бақылауда тұрған пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз ету үлесі 25,5%-ға өсті.


3.1-міндет

2030 жылға қарай ана өлімінің жаһандық коэффициентін 100 000 тірі туғандарға шаққанда 70-тен кем жағдайға дейін төмендету

3.1.1 Ана өлімінің коэффициенті
(100 000 тірі туылғандарға шаққанда)



3.1.2 Білікті медицина қызметкерлерімен қабылданған босанулар үлесі
(пайыз)







3.2-міндет

2030 жылға қарай жаңа туған нәрестелер мен бес жасқа дейінгі балалардың алдын алуға болатын өлімін тоқтату. Бұл ретте барлық елдер неонаталдық өлімді 1000 тірі туғандарға шаққанда 12 жағдайдан асырмай, ал бес жасқа дейінгі өлім-жітімді 1000 тірі туғандарға шаққанда 25 жағдайдан асырмай азайтуға ұмтылуы тиіс

3.2.1 Бес жасқа дейінгі балалардың өлім коэффициенті

(1 000 туылғандарға шаққанда)

		2015	2016	2017	2018	2019
БАРЛЫҒЫ:						
Қазақстан Республикасы		12,04	10,79	10,24	10,11	10,69
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	қалалық жер	11,78	10,13	9,35	9,56	10,51
	ауылдық жер	12,37	11,68	11,49	10,90	10,96
<i>жынысы бойынша</i>						
	ұлдар	13,35	12,04	11,25	11,64	12,03
	қыздар	10,64	9,45	9,17	8,48	9,25



3.2.2 Неонаталдық өлім коэффициенті

(1 000 туылғанға шаққанда)




БАРЛЫҒЫ:	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	5,61	5,16	4,61	4,58	4,81

жергілікті жері бойынша

қалалық жер	6,23	5,31	4,49	4,89	5,26
ауылдық жер	4,84	4,94	4,79	4,13	4,14

жынысы бойынша

ұлдар	6,41	5,87	5,15	5,32	5,53
қыздар	4,76	4,39	4,04	3,79	4,03








3.3-міндет

2030 жылға қарай ЖҚТБ, туберкулез, безгек және тиісті көңіл бөлінбейтін тропикалық аурулардың індеттерін тоқтату және гепатитке, су арқылы берілетін ауруларға және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы күресті қамтамасыз ету


3.3.1 Жұқпа жұқтырмаған 1000 адамға АИТВ-ны жаңа жұқтырғандар саны, жынысы, жасы және халықтың негізгі топтарына тиесілігі бойынша бөліністе

(1 000 жұқтырылмаған адамға)


		2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:		0,14	0,16	0,16	0,17	0,19
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	қалалық жер	0,18	0,20	0,20	0,22	0,25
	ауылдық жер	0,08	0,09	0,10	0,10	0,11
<i>жынысы бойынша</i>						
	ерлер	0,16	0,19	0,20	0,22	0,26
	әйелдер	0,11	0,13	0,12	0,13	0,13
<i>жасы бойынша</i>						
	0-14	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01
	15-24	0,08	0,09	0,10	0,10	0,11
	15-49	0,23	0,26	0,27	0,29	0,33
	50+	0,07	0,08	0,09	0,10	0,11



3.3.1.1 Инъекциялық есірткіні тұтынушылар қатарынан жаңадан анықталған АИТВ саны

(адам)



3.3.2 100 000 адамға шаққандағы туберкулезбен ауыру



	2015	2016	2017	2018	2019
Халық – барлығы:	58,5	52,7	52,2	48,2	45,6
<i>жергілікті жері бойынша</i>					
 қалалық жер	63,2	55,6	54,4	50,2	47,7
 ауылдық жер	52,1	48,9	49,2	45,3	42,6

3.3.4 100 000 адамға шаққандағы В гепатитімен ауыру




	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы	0,95	0,54	0,54	0,58	0,6



3.4-міндет

2030 жылға қарай профилактика және емдеу, психикалық денсаулық пен саулықты сақтау арқылы инфекциялық емес аурулардан болатын мезгілсіз өлімді үштен бірге азайту

3.4.1 Жүрек-қан тамырлары ауруларынан, обырдан, диабеттен, созылмалы респираторлық аурулардан өлім-жітім






(пайыз)




	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:	21,12	20,84	19,73	19,28	17,41
<i>жынысы бойынша</i>					
 ерлер	29,40	29,25	27,66	27,09	24,18
 әйелдер	14,38	13,98	13,29	12,92	11,61

3.4.2 Өзіне-өзі қол жұмсаудан өлім-жітім

(100 000 халыққа)

		2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:		16,52	14,47	14,77	13,65	12,82
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	қалалық жер	13,49	11,95	12,35	12,36	11,05
	ауылдық жер	20,48	17,81	18,02	15,42	15,31
<i>жынысы бойынша</i>						
	ерлер	27,87	24,59	24,81	23,55	22,39
	әйелдер	5,90	4,98	5,36	4,34	3,82
<i>жасы бойынша</i>						
	5-9	0,19	0,30	0,17	0,55	0,11
	10-14	3,38	3,71	3,60	3,46	2,92
	15-19	15,39	11,33	12,77	9,87	10,29
	20-24	18,62	15,37	18,55	18,76	15,38
	25-29	22,17	19,10	18,22	18,66	16,29
	30-34	25,65	21,64	21,60	20,33	18,56
	35-39	26,63	24,99	25,81	23,02	21,08
	40-44	26,81	24,67	26,49	22,29	23,50
	45-49	25,45	23,00	24,30	20,75	22,18
	50-54	23,59	21,05	20,21	22,89	18,22
	55-59	22,55	19,93	17,48	17,26	17,32
	60-64	17,90	16,45	16,49	16,39	14,48
	65-69	15,11	13,89	12,39	12,80	12,81
	70-74	17,19	13,65	16,75	12,04	16,67
	75-79	17,84	17,17	24,21	11,80	15,32
	80-84	28,95	23,05	21,92	14,94	19,19
	85+	32,19	24,61	24,68	24,74	26,13







3.5-міндет

Психоактивті заттарға тәуелділіктің алдын алу мен емдеуді жақсарту, оның ішінде есірткі заттар мен алкогольді пайдалану

3.5.1 Психоактивті заттарды қолдану салдарынан психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен ауыру (100 000 халыққа)

Психоактивті заттарды қолдану салдарынан психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен ауыру

-  Психоактивті заттарды қолдану
-  Алкогольді тұтыну нәтижесінде
-  Есірткі заттарды пайдалану










3.6-міндет

2020 жылға қарай бүкіл әлемде жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім мен жарақат санын екі есе азайту

3.6.1 Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітім

(100 000 халыққа)

		2015	2016	2017	2018	2019
						
Барлығы:		15,16	15,27	13,04	13,20	14,56
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	қалалық жер	13,0	12,49	10,82	11,49	12,02
	ауылдық жер	17,97	18,98	16,04	15,58	18,15
<i>жынысы бойынша</i>						
	ерлер	23,38	23,3	19,35	20,02	22,16
	әйелдер	7,47	7,76	7,13	6,8	7,41
<i>жасы бойынша</i>						
	0	0,00	0,50	0,76	0,26	0,76
	1-4	1,80	1,70	1,03	1,85	1,40
	5-9	2,68	2,49	2,39	1,83	2,50
	10-14	1,40	1,11	1,50	2,40	1,53
	15-19	3,22	3,21	4,58	5,51	4,32
	20-24	5,27	5,89	6,81	7,74	7,39
	25-29	6,25	6,24	6,84	5,69	7,02
	30-34	5,85	6,49	6,57	7,77	5,81
	35-39	7,62	5,98	7,57	7,41	6,54
	40-44	7,61	6,50	7,58	9,16	8,46
	45-49	8,48	6,87	8,01	8,74	7,55
	50-54	7,86	8,94	8,98	9,51	6,71
	55-59	6,20	5,89	7,14	7,47	7,37
	60-64	7,74	7,20	5,78	7,93	5,51
	65-69	6,67	3,83	3,81	3,84	3,51
	70-74	8,78	13,65	9,57	11,33	12,13
	75-79	6,28	7,45	6,72	7,74	6,38
	80-84	7,89	7,95	8,22	8,37	4,80
	85+	5,96	7,03	9,40	3,53	3,56




3.7-міндет

2030 жылға қарай сексуалдық және репродуктивтік денсаулықты қорғау жөніндегі қызметтерге жалпыға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде отбасын жоспарлау қызметтері, ақпараттандыру және ағарту және ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларда репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелерін есепке алу

3.7.1 Контрацепцияға деген қажеттілікке қанағаттанған 15-49 жастағы әйелдердің пайыздық үлесі (пайыз)

	2010	2015
Барлығы:	51,0	55,7
<i>жергілікті жері бойынша</i>		
қалалық жер	53,9	55,8
ауылдық жер	47,7	55,6
<i>жасы бойынша</i>		
15-19	19,2	28,6
20-24	35,3	44,3
25-29	52,9	56,3
30-34	56,8	60,8
35-39	61,0	65,6
40-44	57,0	61,9
45-49	39,1	39,8



3.7.2 Жасөспірімдер арасындағы туу (осы жас тобындағы 1000 әйелге)

	10-14 жас аралығында		15-19 жас аралығында	
	2015	2019	2015	2019
Барлығы:	0,03	0,02	30,95	23,20
<i>жергілікті жері бойынша</i>				
қалалық жер	0,04	0,02	27,56	20,61
ауылдық жер	0,03	0,03	34,35	26,04

3.7.2.1 Жасөспірімдер арасында түсік саны (жағдай)

	15 жасқа дейін	15-18 жас аралығында
2015	27	1069
2016	16	1418
2017	19	1286
2018	27	1237
2019	21	1147

3.8-міндет

Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

3.8.2 Денсаулық сақтауға жалпы шығыстардан үй шаруашылықтарының жеке шығыстарының үлесі

(пайыз)




2015	2016	2017	2018	2019
32,0	32,0	33,0	31,0	32,0




3.9-міндет

2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың және ауаның, су және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан өлім мен аурудың санын айтарлықтай азайту

3.9.2 Қауіпсіз судың, қауіпсіз санитария мен гигиенаның болмауынан болатын өлім-жітім






(100 000 халыққа)




		2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:		0,67	0,80	0,99	0,83	1,28
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	қалалық жер	0,72	0,64	0,63	0,62	1,40
	ауылдық жер	0,59	1,01	1,47	1,12	1,11
<i>жынысы бойынша</i>						
	ерлер	0,57	0,81	0,82	0,84	1,06
	әйелдер	0,76	0,78	1,14	0,83	1,49
<i>жасы бойынша</i>						
	0	2,53	2,02	1,78	2,05	2,27
	1-4	1,13	1,05	0,77	0,26	0,51
	5-9	0,12	0,12	0,06	0,17	0,16
	10-14	0,08	0,00	0,15	0,07	0,20
	15-19	0,09	0,27	0,00	0,18	0,09
	20-24	0,14	0,07	0,08	0,00	0,25
	25-29	0,25	0,00	0,06	0,06	0,00
	30-34	0,22	0,21	0,27	0,19	0,25
	35-39	0,41	0,49	0,40	0,16	0,15
	40-44	0,18	0,18	0,09	0,26	0,17
	45-49	0,10	0,48	0,47	0,56	0,64
	50-54	0,19	0,67	0,98	0,59	1,00
	55-59	0,56	0,96	0,52	0,61	1,39
	60-64	1,97	1,47	2,26	1,88	2,56
	65-69	1,78	3,02	3,43	2,19	3,86
	70-74	2,67	4,55	3,99	7,44	6,06
	75-79	3,63	3,89	12,77	8,11	8,51
	80-84	3,51	10,33	13,02	13,15	20,25
	85+	22,66	22,27	27,03	18,85	61,77

3.9.3 Байқаусызда уланудан болатын өлім-жітім

(100 000 халыққа)

		2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:		3,73	3,15	2,95	2,77	2,33
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	 қалалық жер	4,02	3,09	3,12	2,84	2,50
	 ауылдық жер	3,37	3,24	2,73	2,67	2,10
<i>жынысы бойынша</i>						
	 ерлер	5,25	4,43	4,08	3,89	3,11
	 әйелдер	2,32	1,96	1,89	1,72	1,60
<i>жасы бойынша</i>						
	0	1,77	0,50	1,02	0,26	0,76
	1-4	1,13	1,37	1,42	1,40	0,64
	5-9	0,50	1,19	0,74	0,55	0,16
	10-14	0,91	0,24	0,75	0,56	0,60
	15-19	1,30	1,25	0,99	1,96	0,69
	20-24	2,19	1,58	0,98	1,36	1,01
	25-29	2,70	2,45	2,49	1,73	1,39
	30-34	4,70	3,98	3,29	3,04	2,53
	35-39	7,05	5,26	4,38	3,98	3,04
	40-44	4,69	4,57	5,23	4,23	4,10
	45-49	5,49	4,87	3,96	3,81	3,59
	50-54	6,44	3,84	3,81	4,46	3,90
	55-59	6,09	4,39	4,65	4,34	4,78
	60-64	6,52	5,58	5,36	4,97	4,10
	65-69	4,89	7,45	6,48	5,30	4,74
	70-74	8,02	3,72	6,38	4,60	5,46
	75-79	9,91	7,45	7,40	7,01	6,38
	80-84	8,77	12,72	7,54	9,56	7,46
	85+	7,15	9,38	11,75	10,60	7,13




3.а-міндет

Қажет болған жағдайда барлық елдерде темекіге қарсы күрес жөніндегі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының негіздемелік конвенциясын жүзеге асыруды жандандыру

3.а.1 15 жастан асқан адамдардың темекіні тұтынуының жасы бойынша стандартталған таралуы

(пайыз)




* Темекі тұтыну туралы халықтың жаһандық сауалнамасының нәтижелері бойынша

3.б-міндет




Ең алдымен дамушы елдерге әсер ететін жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды емдеуге арналған вакциналар мен дәрі-дәрмектерді зерттеу мен әзірлеуге жәрдем көрсету, дамушы елдердің халықтың денсаулығын қорғау мақсаттары үшін икемділік танытуға қатысты Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімнің ережелерін толық көлемде пайдалану құқығы расталатын «ТРИПС және қоғамдық денсаулық сақтау жөніндегі келісім» Доха декларациясына сәйкес қымбат емес негізгі дәрілік заттар мен вакциналардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, атап айтқанда, барлығы үшін дәрілік заттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

3.б.1 Ұлттық бағдарламаларға енгізілген барлық вакциналармен иммунизациялаумен қамтылған халықтың нысаналы тобының үлесі

(пайыз)

Халықты иммундауға барлығы:			2015	2016	2017	2018	2019
				98,2	95,0	96,9	97,8

оның ішінде:

	АҚДС (3 доза)	97,9	82,5	100,0	98,3	97,4
	Қызылшаға қарсы вакцина (2 доза)	98,4	99,3	98,7	98,4	97,8
	Пневмококкты конъюгацияланған вакцина (3 доза)	73,7	97,3	98,3	95,5	89,4


3.б.2 Медициналық зерттеулерге және денсаулық сақтаудың негізгі салаларына бағытталған дамыту мақсатында ресми көмектің жалпы таза көлемі

(млн. АҚШ долларымен)

Қазақстан-алушы		Қазақстан-донор		
жиынтық көлем	таза көлем	жиынтық көлем	таза көлем	
9,05	9,04	2014	0,04	0,04
4,49	4,49	2015
6,83	6,83	2016
12,12	11,48	2017
5,93	5,93	2018

3.b.3 Диспансерлік бақылауда тұрған пациенттердің дәрілік заттармен қамтамасыз етілу үлесі

(пайыз)

	2015	2016	2017	2018	2019
 <p>Диспансерлік бақылауда тұрған пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз ету үлесі</p>	55,0	56,0	57,0	61,0	69,0

3.с-міндет

Денсаулық сақтауды қаржыландыру мен жиынтықты айтарлықтай ұлғайту, дамушы елдерде, әсіресе аз дамыған елдерде және шағын аралдық дамушы мемлекеттерде медициналық кадрларды кәсіптік даярлауды дамыту және ұстау

3.с.1 Халықтың жан басына шаққандағы медицина қызметкерлерінің саны және оларды бөлу

(1 000 халыққа)

Медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілуі:	2015	2016	2017	2018	2019
 <p>дәрігерлермен (тіс дәрігерлерісіз)</p>	3,95	4,16	3,97	3,04	3,7
 <p>орта медициналық қызметкерлермен</p>	7,22	7,28	7,56	7,47	9,7
 <p>Стоматологтармен (тіс техниктерін қоса алғанда)</p>	0,36	0,42	0,37	0,24	0,4
 <p>фармацевтикалық қызметкерлермен (провизорлардың қоса алғанда)</p>	0,81	0,69	0,49	0,46	0,3



4-МАҚСАТ

«ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ӘДІЛ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН ӨМІР БОЙЫ ОҚУ МҮМКІНДІГІН КӨТЕРМЕЛЕУ»

Сапалы білім Орнықты дамудың көптеген мақсаттарына табысты қол жеткізудің маңызды шарты, сондай-ақ негізгі элементі болып табылады.

Білім миллиондаған адамдарды орнықты және тұрақты өмір салтына бағыттай отырып, кедейлік пен теңсіздікті азайтуға негіз болады.

ЮНЕСКО деректері бойынша, егер барлық адамның орта білімі болса, әлемдегі кедейлік екі есе азаяр еді. Әсіресе халықтың осал топтары үшін білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету барлық үкіметтердің жіті назарында.

Қабылданған шараларға қарамастан, бүгінгі таңда 265 миллионнан астам бала мектепке бармайды.

Дамушы елдерде балалардың 91%-ы бастауыш біліммен қамтылған. Алайда, 57 миллион бала әлі мектепке бармайды.

Әлемде 103 миллион жастардың базалық сауаттылығы жоқ, олардың 60%-дан астамы – әйелдер.

Білім беруді қамтамасыз етуге кедергі келтіретін себептер білікті оқытушылардың және барабар оқу орындарына қол жеткізудің жоқтығы болып табылады. Ауыл оқушылары үшін стипендиялар беруге, оқытушылардың біліктілігін арттыруға, заманауи оқу орындарының құрылысына, мектептерді сумен жабдықтауды және электрлендіруді жақсартуға инвестициялар қажет.

Қазақстандағы 4 ОДМ бойынша прогресс:

10 жыл ішінде Қазақстан бастауыш біліммен қамтудың, ересектердің сауаттылығының, 5-сыныпқа дейін оқыған оқушылар үлесінің және гендерлік теңдіктің жоғары көрсеткіштерінің арқасында ЮНЕСКО-ның Білім беруді дамыту индексі бойынша әлемнің 8 үздік елінің қатарына кіреді.

Бүгінгі күні 15 және одан жоғары жастағы Қазақстан азаматтарының 99,8%-ы сауатты халыққа жатқызылған.

3-6 жастағы балаларды білім берумен қамту 95,2% құрайды. Орта білім беруде қамтудың жоғары деңгейі байқалады – 98,1%. Қолжетімділік пен теңдіктің жоғары деңгейі сақталады. Қазақстан дәстүрлі түрде орта білімге қолжетімділігі жоғары әлем елдерінің қатарында.

Бұл ретте Қазақстанда 1-3 жастағы балаларды қамту әлі де төмен деңгейде қалып отыр және тек 42,7%-ды құрайды.

2011 жылдан бастап инклюзивті білім беруді дамыту белсенді түрде ілгерілетілуде. Қазіргі уақытта дамуында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсететін 41 арнайы мектепке дейінгі ұйым және 218 бұқаралық мектепке дейінгі ұйымда 519 арнайы топ жұмыс істейді. Соңғы 5 жылда инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының саны айтарлықтай артып келеді: мұндай жалпы білім беретін мектептердің үлесі 21,8%-дан 64,9%-ға дейін, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары 15,0%-дан 41,1%-ға дейін, ЖОО-лар 12,0%-дан 100%-ға дейін өсті. Алайда, мектепке дейінгі ұйымдар арасында 2019 жылдың қорытындысы бойынша ұйымдардың тек 28,7%-ы ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін жағдай жасады.


Жалпы ел бойынша мектептердің 94,1%-ы 4 мбит/с және одан жоғары жылдамдықтағы интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.

Мемлекет қабылдаған шаралардың арқасында халықтың цифрлық сауаттылығының деңгейі өсуде. Мәселен, 2019 жылы 2015 жылмен салыстырғанда арнайы бағдарламалық тілді пайдалана отырып, компьютерлік бағдарламаларды жасай алатын жастар мен ересектер саны 2 есеге артып, 7,1%-ды құрады. Өңірлік бөліністе 6-74 жастағы халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі 74-89% аралығында өзгеріп отырады.

4.1-міндет

2030 жылға қарай барлық қыздар мен ұлдар оқытудың қажетті және тиімді нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін тегін, тең құқылы және сапалы бастауыш және орта білім алуды аяқтауын қамтамасыз ету


4.1.1 а) 2 және 3-сынып оқушыларына; б) бастауыш мектеп түлектеріне; және с) і) оқу және ii) математика дағдыларын меңгерудің ең төмен деңгейіне жеткен толық емес орта мектеп бітірушілеріне жынысы бойынша бөлінгенде келетін балалар мен жастардың үлесі




4.2-міндет

2030 жылға қарай барлық қыздар мен ұлдарға сапалы даму, күтімге және бастауыш білім алуға дайын болуы үшін кіші жастағы балаларға мектепке дейінгі оқыту жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету


4.2.1 Денсаулық, оқу және психоәлеуметтік әл-ауқат тұрғысынан ауытқуларсыз дамитын бес жасқа дейінгі балалардың үлесі (пайыз)



* Бір жолғы зерттеу деректері бойынша 4 және 5 раундтағы Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (МИКС)




4.2.2 Мектепалды даярлықпен қамтылған балалардың үлесі (пайыз)



Қазақстан Республикасы

2015	2016	2017	2018	2019
99,8	95,9	99,2	93,8	98,3

4.2.2.1 Мектепке дейінгі жастағы балалардың оқытуға дайындық деңгейі (пайыз)



Қазақстан Республикасы

2010	2015
81,6	90,8

* Бір жолғы зерттеу деректері бойынша 4 және 5 раундтағы Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (МИКС)

4.3-міндет

2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер үшін қымбат емес және сапалы кәсіптік-техникалық және жоғары білімге, оның ішінде университеттік білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету

4.3.1 16-65 жастағы ересектердің зерттеуге дейінгі соңғы 12 айдағы оқыту мен кәсіптік даярлаудың ресми және бейресми түрлеріне қатысуы (пайыз)





2018		барлығы	 ерлер	 әйелдер
Оқыту мен кәсіптік даярлаудың бейресми түрлерінде		17,10	13,85	20,08
Оқыту мен кәсіби даярлаудың формалды түрлерінде <i>білім деңгейі бойынша</i>				
 Білімі жоқ		0,85	1,02	0,69
 Бастауыш білім		0,87	0,91	0,85
 Негізгі орта білім		12,73	14,24	11,31
 Жалпы орта білім		16,84	17,72	16,02
 9-сынып негізінде техникалық және кәсіптік білім		21,03	23,70	18,54
 11-сынып негізінде техникалық және кәсіптік білім		16,92	16,04	17,75
 Бакалавр дәрежесі		28,83	24,87	32,56
 Магистр дәрежесі		1,72	1,27	2,15
 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, PhD докторы немесе ғылым докторы		0,12	0,09	0,14
 Шетелдік білім		0,08	0,14	0,02

* ЭЫДҰ-ның ересектердің құзыреттерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламасының (PIAAC) нәтижелері бойынша деректер

4.4-міндет


2030 жылға қарай жұмысқа орналастыру, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдыларға, оның ішінде кәсіби-техникалық дағдыларға ие жастар мен ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту

4.4.1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында дағдылары бар жастар мен ересектердің үлесі (пайыз)

Дағдылары	15-24 жаста		15 жаста және одан үлкен	
	2015	2019	2015	2019
 Файлды немесе папканы көшіру немесе тасымалдау	13,2	32,1	25,3	26,8
 Құжаттағы ақпараттың көшірмелерін алу немесе орнын ауыстыру үшін ақпаратты немесе ақпараттың бір бөлігін көшіру және қою құралдарын пайдалану	19,5	18,5	17,8	15,8
 Ішкі файлдары (құжат, фотосурет, бейне) бар электрондық поштаны жіберу	45,2	61,9	46,2	55,1
 Excel электрондық кестелер редакторында жұмыс (кестелерде базалық арифметикалық формулаларды қолдану)	37,2	52,9	34,1	42,2
 Жаңа құрылғыларды (принтер, модем және т. б.) қосу және орнату	13,2	18,6	11,2	16,2
 Бағдарламалық қамтамасыз етуді іздеу, жүктеу және орнату	14,7	22,5	11,9	18,8
 Графикалық редакторда жұмыс (презентациялар, мәтін, суреттер, дыбыс, бейне және диаграммалар)	20,0	27,1	16,7	20,6
 Компьютерлер мен басқа құрылғылар арасында файлдарды беру	19,5	26,0	18,2	21,7
 Арнайы бағдарламалық тілді қолдану арқылы компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу	3,5	7,8	3,0	7,1

4.4.1.1 Облыстар бөлінісінде 6-74 жастағы халықтың цифрлық сауаттылығының деңгейі

(пайыз)



4.5-міндет


2030 жылға қарай білім беру саласындағы гендерлік теңсіздікті жою және халықтың осал топтары, оның ішінде мүгедектер, тұрғылықты халықтар мен осал жағдайдағы балалар үшін барлық деңгейдегі білім мен кәсіптік-техникалық дайындыққа тең қол жеткізуді қамтамасыз ету

4.5.1 Білім деңгейлері бойынша жыныстардың тең құқылық индексі

(пайыз)

Білім деңгейі	барлығы		қалалық жер		ауылдық жер	
	2010	2015	2010	2015	2010	2015
Бастауыш білім	1,00	1,00	0,99	0,99	1,00	1,00
Орта білім	1,00	1,00	0,99	1,03	1,01	0,98
Негізгі орта білім	-	1,00	-	1,00	-	1,00
Жалпы орта білім	-	1,01	-	1,03	-	0,98

4.5.1.1 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағдай жасаған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (пайыз)



4.5.1.2 Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі (пайыз)



Жалпы білім беретін мектептер




Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары



Жоғары оқу орындары

Жыл	Жалпы білім беретін мектептер	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары	Жоғары оқу орындары
2015	21,8	15,0	12,0
2016	44,7	20,0	15,2
2017	55,0	25,0	25,0
2018	60,0	30,1	50,0
2019	64,9	41,1	100,0



4.6-міндет

2030 жылға қарай барлық жастар мен ересек халықтың, ерлер мен әйелдердің айтарлықтай үлесі оқып, жаза және санай білуін қамтамасыз ету

4.6.1 Осы жас тобындағы кемінде функционалдық а) сауаттылықтың және б) математикалық сауаттылықтың белгіленген деңгейіне жеткен халықтың үлесі (пайыз)


2018		ерлер	әйелдер
	Функционалдық сауаттылық	72,6	74,6
	Математикалық сауаттылық	72,9	73,5

4.а-міндет

Балалардың мүдделерін, мүгедектердің ерекше мұқтаждықтарын және гендерлік аспектілерді ескеретін оқу орындарын құру және жетілдіру, зорлық-зомбылықтан және әлеуметтік кедергілерден азат қауіпсіз, тиімді оқыту ортасын қамтамасыз ету

4.а.1 Негізгі қызметтерді ұсынатын мектептердің қызмет түрлері бойынша бөліністегі үлесі

а) 4 мбит/с және одан жоғары жылдамдық пен Интернетке қолжетімділік қамтамасыз етілген мектептердің үлесі (пайыз)




б) ауыз судың базалық көздерімен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі (пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

с) бөлек, ең аз жабдықталған дәретханалармен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі, орналасқан жері бойынша (көшеде және мектеп ішінде) бөліністе (пайыз)


	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы оның ішінде:	100,0	100,0	100,0	100,0
 жылы және ауладағы дәретханаларының болуы	-	-	-	41,6
 тек ауладағы дәретханалардың болуы	-	-	-	31,3
 тек жылы дәретханалардың болуы	-	-	-	27,1




4.а.1.1 Орта білім беру ұйымдарындағы қазіргі заманғы жабдықтармен модификацияланған оқу кабинеттерінің үлесі, олардың жалпы санынан (пайыз)



4.а.1.2 3 ауысымды мектептердің үлесі



4.а.1.3 Апатты жағдайдағы мектептердің үлесі




4.b-міндет

2020 жылға қарай бүкіл әлемде дамушы елдерге, әсіресе аз дамыған елдерге, шағын аралдағы дамушы мемлекеттерге және Африка елдеріне жоғары білім алу үшін, соның ішінде кәсіптік-техникалық білім беру үшін берілетін стипендиялар санын едәуір ұлғайту және дамыған елдерде және басқа дамушы елдерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар техникалық, инженерлік және ғылыми бағдарламалар мәселелері бойынша оқыту

4.b.1 Стипендия төлеуге жіберілетін, даму мақсатындағы ресми көмектің көлемі, оқыту салалары мен түрлері бойынша бөліністе

(млн. АҚШ доллары)





Қазақстан-алушы		Қазақстан-донор
3,20	2015	...
3,91	2016	2,03
5,14	2017	0,05
4,39	2018	4,69

4.c-міндет

2030 жылға қарай білікті мұғалімдердің санын, оның ішінде дамушы елдерде, әсіресе төмен дамыған елдерде және шағын аралдағы дамушы мемлекеттерде мұғалімдерді даярлауда халықаралық ынтымақтастық арқылы едәуір ұлғайту

4.c.1 Ұйымдардың түрлері бойынша педагогикалық білімі бар мұғалімдердің үлесі

(пайыз)


	2015	2016	2017	2018	2019
 Мектепке дейінгі ұйымдар	99,3	97,0	98,4	98,3	97,5
 Бастауыш мектеп (1-4 сыныптар)	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
 Негізгі орта мектеп (5-9 сыныптар)	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

4.с.1.1 Жаңартылған мазмұн бойынша біліктілігін арттырудан өткен орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің жалпы санынан үлесі (пайыз)



2019
Қазақстан Республикасы 37,1

4.с.1.2 Орта білім беру педагогтарының жалпы санынан шебер-зерттеушінің, педагог-сарапшының және педагог-модератордың біліктілік деңгейі бар педагогтардың үлесі (пайыз)







5-МАҚСАТ

«ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ»

Гендерлік теңдік ерлер мен әйелдердің тең мүмкіндіктері бар қоғамның белсенді және орнықты дамуының маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Орнықты даму мақсатында барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше көңіл бөлінеді. Әйелдер мен қыздардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіру фактілері бүгінгі күнге дейін әлемнің барлық дерлік елдері үшін өзекті.

Әлемнің 49 елінде әлі күнге дейін тұрмыстық зорлық-зомбылықты регламенттейтін заңнама жоқ. Сарапшылардың кейбір бағалауы бойынша 15-49 жас аралығындағы бес әйел мен қыздың бірі өмірінде бір рет физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылықты бастан кешіреді.

Көптеген дамушы елдерде ұлдарға қарағанда, қыздар жиірек балалар некесінің құрбаны болады. Күн сайын 18 жасқа толмаған 37 мың қыз олардың еркіне қарсы тұрмысқа беріледі, бұл жыл сайын шамамен 15 миллион қызды құрайды. Олардың көпшілігі оқуын жалғастыра алмайды және базалық білімі жоқ 103 миллион жастар қатарын толықтыруда.

Нәтижесінде әйелдер мен қыздардың тең емес құқықтары мен мүмкіндіктері олардың әлеуметтік мәртебесінің, білім беру және медициналық қызметтерге қолжетімділігінің төмендеуіне, жалақының айтарлықтай айырмашылығына әкеледі. Еңбек нарығындағы тең емес мүмкіндіктер тенденциясы осы күнге дейін жалғасуда, әйелдер орта есеппен ерлерге қарағанда 47,6%-ға аз ақша табады.

Әйелдер мен қыздарға білім алуға, денсаулық сақтауға, лайықты жұмыс істеуге және саяси мен экономикалық шешімдер қабылдау процестеріне қатысуға тең қолжетімділік беру экономиканың орнықтылығына қол жеткізуге ықпал етеді және қоғам мен жалпы адамзатқа пайда әкеледі.

Қазақстандағы 5 ОДМ бойынша прогресс:

Қазақстанда екі маңызды заң: «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заң және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заң қолданылады. Бірінші заң мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында гендерлік теңдік үшін жағдай жасайды. Екінші заң «тұрмыстық зорлық-зомбылық» шеңберін және оның алдын алу шараларын айқындайды.

Заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң жобасы әзірленді, онда осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асырудың құқықтық тетіктерін ретке келтіру, отбасы мәселелері жөніндегі уәкілетті органды айқындау, қоғамдық бақылау нысандарын енгізу, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру көзделеді. Аталған заң жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауында жатыр.

Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі алғашқы елдердің бірі ретінде гендерлік теңдікті дамыту үшін негіз қалаған бірқатар маңызды құжаттарды қабылдады. Біз алғашқылардың бірі болып Гендерлік теңдік стратегиясын (2006), сондай-ақ Қазақстанның 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын (2016) қабылдадық, оны әзірлеуге Қазақстандағы БҰҰ-ның жетекші сарапшылары белсенді қатысты.

Бұл құжаттардың негізгі мақсаты қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, жыныс белгісі бойынша кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру болып табылады.

Соңғы 10 жылда осы бағытта үдемелі прогресс байқалуда. Парламенттегі әйелдердің үлесі біртіндеп артып келеді және 27,6% құрайды. Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 55,5%-ға жетті. Қазақстандағы әйелдердің шамамен 28%-ы шағын, орта және ірі кәсіпорындардың басшылары болып табылады.


Экономикадағы гендерлік теңсіздікті бағалау ерлер мен әйелдердің жалақысымен де өлшенеді. 2019 жылы еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық 32,2%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда біршама жақсарғанын көрсетеді (34,1%). Бірақ біздің еліміздің экономикасы шикізат секторына бағдарланғанын ескерсек, ал өнеркәсіп пен металлургияда ерлер негізгі жұмыс күші болып табылады, онда еңбекақы төлеуде гендерлік теңгерімге қол жеткізу оңай міндет емес екенін атап өту қажет. Осыған байланысты әйелдер негізінен білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтер, мәдениет сияқты қызмет салаларында жұмыс істейді, мұнда төлем әлдеқайда төмен.

Іс жүзінде бүкіл әлемде әйелдер ақы төленбейтін үй еңбегіне көп уақыт жұмсайды және Қазақстанда да осылай. Сонымен, 2018 жылы әйелдердің үй шаруашылығы мен оның мүшелері үшін ақы төленбейтін үй қызметтеріне жұмсаған уақытының үлесі 17,7%-ды құрады, бұл ерлермен салыстырғанда 3 есе көп.

5.2-міндет


Әйелдер мен қыздарға қатысты жария және жеке салалардағы барлық зорлық-зомбылықтың барлық нысандарын, соның ішінде адам саудасы мен сексуалдық және қанаудың өзге де нысандарын жою

5.2.1 Бұрын-соңды серіктесі болған әйелдер арасында өмір бойы және қазіргі уақытта жыныстық серіктес тарапынан физикалық және сексуалдық зорлық-зомбылықтың таралуы (пайыз)




* Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық бойынша іріктеп зерттеу, 2015 ж.

5.2.1.1 Әйелдерге қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін азайту (базалық кезеңмен салыстырғанда – 2016 ж.)



5.2.1.2 Балаларға қатысты тіркелген зорлық-зомбылық фактілерінің төмендеуі (базалық кезеңмен салыстырғанда – 2016 ж.)



5.2.2 Соңғы 12 айда жыныстық серіктестерден басқа біреулердің тарапынан сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшыраған 18-75 жастағы әйелдердің үлесі (пайыз)




* Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық бойынша іріктеп зерттеу, 2015 ж.

5.3-міндет

Кіші жастағы, ерте және мәжбүрлі некелер және әйелдердің жыныс мүшелеріне зақым келтіретін операциялар сияқты тәжірибенің барлық зиянды түрлерін жою

5.3.1 15 жасқа дейін және 18 жасқа дейін некеге тұрған 20-дан 24 жасқа дейінгі әйелдердің үлесі (пайыз)




5.4-міндет

Коммуналдық қызметтерді, инфрақұрылымды және әлеуметтік қорғау жүйесін ұсына отырып және ұлттық жағдайларды ескере отырып, шаруашылық жүргізу мен отбасында жалпы жауапкершілік қағидатын көтермелей отырып, үй шаруашылығын жүргізу бойынша ақы төленбейтін еңбекті мойындау және бағалау

5.4.1 Үй шаруашылығына және оның мүшелеріне ақы төленбейтін үй қызметтеріне жұмсалатын уақыт үлесі

(пайыз)




5.5-міндет

Саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын, оларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

5.5.1 Әйелдердің алатын орындарының үлесі а) ұлттық парламенттерде және б) жергілікті билік органдарында

(пайыз)




* Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің деректері

5.5.2 Басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	37,0	37,3	37,0	41,2	43,0
<i>жергілікті жері бойынша</i>					
 қалалық жер	38,4	38,3	37,8	41,7	43,9
 ауылдық жер	32,1	32,9	33,3	39,5	40,0
<i>жасы бойынша</i>					
16-24	38,3	37,9	41,2	45,2	42,4
25-28	36,7	36,1	35,0	42,0	47,7
29-34	37,1	35,6	36,9	37,2	41,2
35-44	35,9	35,4	37,0	41,7	41,3
45-54	39,4	41,5	39,6	44,5	46,9
55-64	34,3	36,7	31,4	37,8	39,8
65 және жоғары	28,4	29,8	35,3	32,7	42,5



5.6-міндет

Халықтың қоныстануы мен дамуы жөніндегі халықаралық конференцияның іс-қимыл бағдарламасына, Пекин іс-қимыл платформасына және олардың орындалу барысын қарау жөніндегі конференциялардың қорытынды құжаттарына сәйкес сексуалдық және репродуктивті денсаулықты қорғау саласындағы қызметтерге және репродуктивтік құқықтарды іске асыруға жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету

5.6.2 15 жастан асқан әйелдер мен еркектерге сексуалдық және репродуктивті денсаулықта қорғау және осы салада ақпарат пен ағарту жөніндегі қызметтерге толық және тең қол жеткізуге кепілдік беретін заңдар мен нормативтік актілердің болуы




2019
Қазақстан Республикасы 0,63

5.а-міндет

Әйелдерге экономикалық ресурстарға тең құқық беру, сондай-ақ ұлттық заңдарға сәйкес жерді және басқа да меншік нысандарын, қаржылық қызметтерді, мұраға алынатын мүлік пен табиғи ресурстарды иелену мен билік етуге қол жеткізу мақсатында реформалар жүргізу

5.а.1 Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер берілген әйелдердің үлесі (пайыз)



5.b-міндет

Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге жәрдемдесу үшін тиімділігі жоғары технологияларды, атап айтқанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалану

5.b.1 Ұялы телефоны бар 6 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі (ұялы телефон иелерінің) (пайыз)





6-МАҚСАТ

«БАРЛЫҒЫ УШІН СУ РЕСУРСТАРЫ МЕН САНИТАРИЯНЫҢ БОЛУЫ МЕН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

Су бұл өмірлік маңызы бар ресурс, оны орнықты және ұтымды пайдалану болашақ ұрпақтың өркендеуіне кепілдік береді. Планетадағы тұщы судың үлесі әртүрлі есептеулер бойынша барлық су ресурстарының шамамен 2,5-3% құрайды. Қазіргі уақытта 1,7 миллиардтан астам адам су тұтыну су қорын толтыру мүмкіндігінен асатын өзен бассейндерінде тұрады. Жер тұрғындарының 40%-дан астамы су ресурстарының жетіспеушілігінен зардап шегеді.

Ойластырылмаған экономика, жер асты суларының сарқылуы, дамымаған инфрақұрылым және климаттың өзгеруінің салдары сияқты факторлардың әсерін ауыз суға қолжетімділігі жоқ 800 миллионнан астам адам сезінді.

Сарапшылардың болжамы бойынша, 2050 жылға қарай планетаның әрбір төртінші тұрғыны тұщы судың созылмалы немесе мерзімді жетіспеушілігін бастан кешіретін елде өмір сүретін болады.

Санитарияны қамтамасыз ету және сақтау халықтың денсаулығын сақтаудың, жұқпалы аурулар мен эпидемиялық апаттардың таралуын болдырмаудың маңызды шарты болып табылады.

Шамамен 2,4 миллиард адам дәретханалар немесе жабдықталған қазылған шұңқырлар сияқты негізгі санитарлық қызметтерге қол жеткізе алмайды. Адам қызметі нәтижесінде пайда болған ақаба сулардың 80 пайыздан астамы өзендерге немесе теңіздерге ешқандай тазартусыз ағызылады.

Бұған жол бермеу үшін сумен жабдықтауды зерттеуге және дамытуға инвестиция салу, әйелдердің, жастардың және жергілікті қауымдастықтардың су ресурстарын басқаруға қатысуын ынталандыру қажет.

Қазақстандағы 6 ОДМ бойынша прогресс:


Қазақстанда су ресурстарын басқару бассейндік қағидат негізінде кешенді жүзеге асырылады. Гидрографиялық принцип бойынша сегіз өзен су шаруашылығы бассейні бөлінген. Жергілікті мемлекеттік органдар мен су пайдаланушылар, оның ішінде қоғамдық бірлестіктер мен олардың қауымдастықтары өкілдерінен 8 бассейндік кеңес құрылды. Бұл ретте өзендер ағынының және бассейндердің уақытша су ағындарының 55,6%-ы республика аумағында, қалған 44,4%-ы оның шегінен тыс жерлерде қалыптасады. Траншекаралық өзендердің көпшілігінде су бөлу туралы келісімдер бар. Сонымен қатар, бассейндердің көпшілігінде жер үсті және жер асты суларында тапшылық бар. Алайда, бүгінгі таңда су ресурстарын басқарудың қолданыстағы тетігі елдің қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бірінші кезекте орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады. 2019 жылы орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділікке қала халқының 97,2% және ауыл халқының 64,3% қол жеткізді. Бұл ретте, қала халқының 70,5%-ы және ауыл халқының 8,8%-ы ғана ақаба суларды тазартумен қамтылған. Жалпы республика бойынша су сапасы жақсы су объектілерінің үлесі 24,7%-ды құрайды. Соңғы жылдары сапасы жақсы су объектілерінің едәуір ұлғаюы байқалды, 2015 жылғы 9,3%-дан 2019 жылы 24,7%-ға дейін. Алайда, сапалы суға қол жеткізе алмайтын өңірлер әлі де бар.

6.1-міндет

2030 жылға қарай барлығы үшін қауіпсіз және арзан ауызсуға жалпыға бірдей және тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз ету


6.1.1 Халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігі (пайыз)



6.2-міндет

2030 жылға қарай тиісті санитариялық-гигиеналық құралдарға жалпыға бірдей және тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз ету және қауіпті осал жағдайдағы әйелдер мен қыздардың және адамдардың қажеттіліктеріне ерекше назар аудару отырып, ашық дефекацияны тоқтату

6.2.1 Халықты сарқынды суларды тазартумен қамту (пайыз)



жергілікті жері бойынша


	2018*	2019
қалалық жер	68,7	70,5
ауылдық жер	8,6	8,8

* Көрсеткіш 2018 жылдан бастап есептеледі


6.3-міндет

2030 жылға қарай ластануды азайту, қалдықтар төгіндісін жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдар шығарындыларын барынша азайту, тазартылмаған ақаба сулар үлесін екі есеге қысқарту және бүкіл әлемде ақаба сулардың кері айналымы көлемін едәуір арттыру және қауіпсіз қайта пайдалану арқылы судың сапасын көтеру

6.3.1 Өткізілген ақаба сулардың жалпы көлеміндегі толық биологиялық тазарту (толық тазартуды қоса алғанда) жолымен тазартылған ақаба сулардың үлесі (пайыз)




6.3.2 Судың сапасы жақсы су объектілерінің үлесі (пайыз)



6.4-міндет

2030 жылға қарай барлық секторларда суды пайдалану тиімділігін едәуір жоғарлату және судың жетіспеушілігі проблемасын шешу үшін тұщы суды орнықты түрде алу мен беруді қамтамасыз ету және судың жетіспеушілігінен зардап шегуші адамдар санын барынша қысқарту

6.4.1 Экономикалық қызмет түрлері бойынша су пайдалану тиімділігінің өзгеру динамикасы (доллар 2015 жылғы бағамен /м³)



Су пайдалану тиімділігінің өзгеруі (өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны) (пайыз)



* Есептеу Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) AQUASTAT халықаралық сұрақнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**6.4.2 Су ресурстарына жүктеме деңгейі: тұщы судың қолда бар
қорларына пайыздық қатынаста тұщы су алу**
(пайыз)



2016	2017	2018	2019
30,01	31,14	32,65	32,62

* Есептеу Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) AQUASTAT халықаралық сұрақнамасына сәйкес жүзеге асырылады.



7-МАҚСАТ

«ҚЫМБАТ ЕМЕС, СЕНІМДІ, ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫ ҮШІН ЖАППАЙ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

Бүгінгі таңда қазба отындары бастапқы электр энергиясына жаһандық сұраныстың 80 пайызын құрайды. Осылайша, энергия жүйесі әлемдегі CO₂ шығарындыларының үштен екісін жеткізеді.

Сонымен қатар, бүкіл әлемде электр энергиясын тұтыну деңгейі тез өсуде және оның болмауы жаһандық экономиканы тоқтата алады.

Әлемдегі әрбір бесінші адам электр энергиясына қол жеткізе алмайды.

Шамамен 3 миллиард адам, мысалы, ағаш немесе тамақ дайындау және жылыту үшін қолданылатын өсімдік қалдықтары сияқты дәстүрлі биомассаға тәуелді.

Энергетика климаттың өзгеруі саласында басым фактор болып табылады және оның үлесіне жаһандық парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемінің 60 пайызға жуығы тиесілі.

Тамақ дайындау және жылыту арқылы ауаның ластануы 2012 жылы 4,3 миллион адамның өмірін қиды, қайтыс болған 10 адамның 6-ы әйелдер мен қыздар.

Бүгінгі күнге дейін 2,8 миллиард адам үйді жылыту және тамақ дайындау кезінде ағаш, көмір және көңді пайдаланады, бұл жыл сайын бөлмедегі ауаның ластануынан 4 миллионнан астам адамның өліміне әкеледі.

Планетаның өсіп келе жатқан халқын энергиямен қамтамасыз етуге және табиғи ресурстарды орнықты энергия көздеріне көшу арқылы сарқылдырмауға болады. Сарапшылардың пікірінше, әлемнің барлық елдері орнықты энергетика инфрақұрылымына жыл сайынғы инвестициялар көлемін қазіргі 400 миллиард АҚШ долларынан 2030 жылға қарай 1,25 триллион АҚШ долларына дейін үш есе арттыруы керек.

Қазақстандағы 7 ОДМ бойынша прогресс:

Бүгінгі таңда Қазақстанда халықтың 100%-ы электр қуатымен қамтамасыз етілген. Жасыл технологияларды дамыту және енгізу бойынша белсенді шаралар қабылдануда. Республикада газдандыру деңгейі біртіндеп артып келеді, 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін бұл көрсеткіш 42,3%-дан 51,5%-ға дейін өсті.

2019 жылы жаңартылатын энергия көздері өндірген электр энергиясының үлесі 10,4%-ды құрады.

2020 жылдың қорытындысына жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 3% құрайды, 2021 жылға қарай бұл көрсеткішті 3,3%-ға дейін жеткізу жоспарлануда. Бүгінгі таңда ЖЭК үлесі бар кәсіпорындар саны шамамен 115-ті құрайды және бұл сан жыл сайын өсіп келеді.

Республиканың ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы орта есеппен мың АҚШ долларына 0,34 тнэ құрайды. Өңірлер бөлінісінде көрсеткіштің мәні біртекті емес: энергия сыйымдылығының неғұрлым жоғары деңгейі Батыс Қазақстан (5,41), Қызылорда (6,54) және Маңғыстау облыстарында (3,64) байқалады. Ең аз энергия қажет ететін өңірлер: Қостанай (0,01), Солтүстік Қазақстан (0,01), Алматы (0,08) облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы (0,06) болып табылады. Энергия тиімділігі жүйесін енгізетін кәсіпорындар саны өсуде: 2015-2019 жылдар аралығында мұндай кәсіпорындардың үлесі 9,7%-дан 41,7%-ға дейін өсті.

7.1-міндет

2030 жылға қарай жалпыға ортақ қымбат емес, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету

7.1.1 Өңірлердің электрмен үздіксіз жабдықтаудағы қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі

(пайыз)



7.1.2 Халықты газдандыру деңгейі

(пайыз)



7.2-міндет


2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі жаңартылатын көздерден энергия үлесін едәуір арттыру

7.2.1 Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздері өндірген электр энергиясының үлесі

(пайыз)



7-МАҚСАТ. ҚЫМБАТ ЕМЕС, СЕНІМДІ, ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫ ҮШІН ЖАППАЙ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ




7.3-міндет

2030 жылға қарай энергиялық тиімділіктің жаһандық көрсеткішін екі есеге арттыру

7.3.1 ЖІӨ энергия сыйымдылығы

(мың АҚШ долларына тмэ, 2000 жылғы бағамен)




* Алдын ала деректер




7.b-міндет

2030 жылға қарай дамушы елдерде, негізінен, ең нашар дамыған елдерде, шағын аралдағы дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде, олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және тұрақты энергиямен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту

7.b.1.1 Энергия тиімділігі жүйесін енгізетін кәсіпорындардың үлесі (пайыз)







8-МАҚСАТ

«АЛҒА БАҒЫТТАЛҒАН, АУҚЫМДЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, БАРЛЫҒЫ ҮШІН ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНІМДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫСҚА ЖӘРДЕМДЕСУ»

Бүгінгі таңда әлем халқының жартысына жуығы кедейлік шегінен төмен өмір сүреді. Олардың күнделікті шығындары күніне шамамен 2 АҚШ долларына тең. Жалпы әлемдік жұмыссыздық деңгейі 5,6 пайызды құрайды. Көптеген жерлерде жұмыстың болуы кедейліктен құтылудың кепілі емес. Сондықтан 8-мақсатқа қол жеткізу елдердің әлеуметтік-экономикалық саясаттары мен іске асырып жатқан шараларын қайта пайымдауды және қайта қарауды талап етеді.

Тіпті дамыған елдер үшін де қазіргі уақытта ЖІӨ-нің белгіленген деңгейін ұстап тұру және жұмыссыздықты тежеу оңай емес. Жыл сайын ЖІӨ-нің 7 пайызға өсуіне қол жеткізу дамушы елдер үшін мүмкін емес міндет болып отыр.

Жұмыссыздар саны үнемі өсіп келеді, бұл ретте олардың басым бөлігі - жастар. Барлық дерлік экономикалар үшін сапалы жұмыс орындарын құру күрделі міндет болып қала береді. Алдын ала есептеулер бойынша, 2016 жылдан бастап 2030 жылға дейінгі кезеңде әлемдік еңбек нарығының жаңа қатысушылары үшін 470 миллион жұмыс орны қажет болады.

Бұл қарапайым міндет емес, оны еңбек өнімділігін арттыру, әсіресе жастар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендету және қаржылық қызметтер мен жеңілдіктерге қолжетімділікті кеңейту бойынша тиісті шаралар қабылдаған кезде шешуге болады.

Қазақстандағы 8 ОДМ бойынша прогресс:

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның ЖІӨ 14 есе өсті (11,4-тен 159,4 млрд. доллар), ал нақты мәнде 2,2 есе, кедейлік деңгейі 23 есе (60%-дан 2,6%-ға дейін) қысқарды, жұмыссыздық 4,8%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте әйелдер арасында (5,3%) жұмыссыздық ерлерге қарағанда (4,3%) жиі кездеседі. Халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінген жастардың 1/3-тен астамы тұрақты жұмыс орындарына орналаспайды.

2019 жылы нақты ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсу қарқыны жан басына шаққанда 2005 жылға қарай 161,6%-ды құрады, әрбір жұмыспен қамтылғанға нақты ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсу қарқыны 103,7%-ды құрады.

2019 жылы жұмыспен қамтылған халықтың саны 8,8 млн. адамды құрады, оның ішінде 6,7 млн. жалдамалы жұмыскерлер және 2,1 млн. өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санында бейресми жұмыспен қамтылғандар үлесінің тұрақты төмендеуі байқалады: 2015 жылғы 22,9%-дан 2019 жылы 13,7%-ға дейін.

Халықтың табыс деңгейін арттыру мәселесі Үкіметтің ерекше бақылауында.

2019 жылдан бастап ең төменгі жалақы 1,5 есе өсті, бұл 1 млн. астам адам үшін жалақының өсуіне ықпал етті. Бүгінгі таңда ең төменгі жалақының арақатынасы орташа айлық көрсеткіштің шамамен 25%-ын құрайды (2019 жылы бір жұмыскердің орташа айлық атаулы жалақысы 186815 теңгені құрады).

Бұдан басқа, бюджет саласының төмен жалақы алатын қызметкерлерінің жалақысын 30%-ға дейін арттыру жөніндегі шаралар іске асырылуда.


Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы әлеуметтік саясатты іске асырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда 40,2 мың адам кәсіптік және техникалық оқытумен, 41,5 мың адам қысқа мерзімді курстармен қамтылды, 14 006 адам (ауылда – 12 760 (91%) қалаларда – 1 246 (9%) микрокредиттер алды, 129 мың адам (әлеуметтік жұмыс орындарына – 22 мың адам, жастар практикасына – 27 мың, қоғамдық жұмыстарға – 80 мың).

8.1-міндет

Халықтың жан басына шаққандағы экономикалық өсімді ұлттық жағдайларға сәйкес және атап айтқанда, ең аз дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің өсімін жылына кем дегенде 7 пайыз деңгейінде қолдау

8.1.1 Халықтың жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсу қарқыны (2005 жылға қарай пайызбен)




* Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 Жарлығына сәйкес Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қалалар санатына қосылды. Мұнда және одан әрі Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2015-2017 жж. деректер.

8.2-міндет

Әртараптандыру, техникалық жетілдіру және инновациялық қызмет арқылы, соның ішінде жоғары қосылған құны бар секторларға және еңбекті көп қажетсінетін секторларға айрықша назар аудару арқылы экономикада өнімділіктің жоғарылауына қол жеткізу

8.2.1 Әрбір жұмыспен қамтылғанға нақты ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсу қарқыны (өткен жылға пайызбен)




8.3-міндет

Өндірістік қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін дамуға бейімделген саясатты жүргізуге жәрдемдесу және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті ұсыну арқылы микро, шағын және орта кәсіпорындардың ресми танылуы мен дамуын көтермелеу

8.3.1 Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы бейресми жұмыспен қамтылғандардың үлесі (пайыз)


		2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:		22,9	18,6	16,2	14,9	13,7
<i>жынысы бойынша</i>						
	ерлер	22,7	18,3	16,3	15,1	13,8
	әйелдер	23,2	18,9	16,1	14,7	13,6
<i>жергілікті жері бойынша</i>						
	қалалық жер	16,9	14,9	11,7	10,4	8,3
	ауылдық жер	30,8	23,5	22,2	21,1	21,4



8.3.1.1 Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы өнімсіз жұмыспен қамтылғандардың үлесі (пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:	3,9	3,5	2,5	2,2	2,1
<i>жынысы бойынша</i>					
ерлер	4,4	3,4	2,5	2,3	2,3
әйелдер	3,4	3,7	2,5	2,2	2,0
<i>жергілікті жері бойынша</i>					
қалалық жер	2,5	2,1	1,5	1,1	1,1
ауылдық жер	5,9	5,4	4,0	3,9	3,6



8.5-міндет

2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлерді, соның ішінде жастар мен мүгедектерді де толық және өнімді кәсіппен және лайықты жұмыспен және теңдей бағалы еңбек үшін бірдей жалақымен қамтамасыз ету

8.5.1 Орташа сағаттық табыс


(теңге)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	880	950	927	959	1038



8.5.2 Жұмыссыздық деңгейі

(пайыз)





	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	5,1	5,0	4,9	4,9	4,8

жынысы бойынша


 ерлер	4,4	4,4	4,4	4,3	4,3
 әйелдер	5,9	5,5	5,4	5,4	5,3

жергілікті жері бойынша

 қалалық жер	5,0	5,1	5,2	4,9	4,8
 ауылдық жер	4,9	4,8	5,1	4,8	4,7

жасы бойынша







16-24	4,2	3,8	3,8	3,7	3,6
25-28	4,6	4,3	4,0	4,0	3,9
29-34	7,6	7,0	6,7	7,0	6,7
35-44	4,5	4,8	4,6	4,3	4,5
45-54	4,6	4,6	4,6	4,2	4,3
55-64	5,4	4,6	5,2	5,6	5,1




8.6-міндет

2020 жылға қарай жұмыс істемейтін, білім оқымайтын және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастардың үлесін едәуір қысқарту

8.6.1 Оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастар (15-тен 24 жасқа дейін) үлесі (пайыз)

	2015	2016	2017	2018	2019
  Қазақстан Республикасы	7,9	7,2	6,4	6,0	5,2
<i>жынысы бойынша</i>					
 ерлер	6,0	5,3	5,1	5,2	3,6
 әйелдер	9,7	9,1	7,6	6,8	6,7
<i>жергілікті жері бойынша</i>					
 қалалық жер	6,6	5,8	4,9	5,4	4,6
 ауылдық жер	9,6	9,2	8,4	6,9	6,0




8.7-міндет

Мәжбүрлеп еңбек еткізуді, заманауи құлдықпен адам саудасын тамырымен жою үшін шұғыл әрі тиімді шаралар қолдану және жалдау және балаларды әскерге пайдалануды қоса алғандағы балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу мен жоюды қамтамасыз ету, ал 2025 жылға қарай балалар еңбегінің барлық нысандарын жою

8.7.1 Жынысы мен жасы бойынша бөліністе, жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы 15-тен 17 жасқа дейінгі балалардың үлесі (пайыз)

	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	0,3	0,2	0,2	0,1	0,1
<i>жынысы бойынша</i>					
ерлер	0,3	0,2	0,2	0,1	0,1
әйелдер	0,3	0,2	0,1	0,1	0,1
<i>жергілікті жері бойынша</i>					
қалалық жер	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0
ауылдық жер	0,5	0,3	0,3	0,3	0,1



8.8-міндет


Еңбек құқықтарын қорғау және еңбек-мигранттарын, әсіресе әйел-мигранттарды және тұрақты кәсібі жоқ адамдарды қосқандағы барлық еңбек етушілер үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге жәрдемдесу

8.8.1 Өлімге әкелетін және әкелмейтін өндірістік жарақаттану деңгейі (1000 қызметкерге)



	2015	2016	2017	2018	2019
Өндірістік жарақаттану деңгейі	0,33	0,32	0,29	0,25	0,21
Жұмыскерлер арасындағы өлімге әкелген өндірістік жарақаттану деңгейі	0,05	0,05	0,04	0,03	0,03

8.8.2 Ірі және орта кәсіпорындар арасындағы ұжымдық-шарттық қатынастар жүйесімен қамтылған кәсіпорындардың үлес салмағы (пайыз)




	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	93,1	93,3	93,3	94,4	95,5

8.9-міндет

2030 жылға қарай жұмыс орындарын құруға, жергілікті мәдениеттің дамуына және жергілікті өнімдерді шығаруға ықпалын тигізетін орнықты туризмді көтермелеу стратегияларын әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз ету

8.9.1 Тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның ЖІӨ-дегі үлесі (пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	1,0	1,2	1,3	1,3	...

*2019 жылғы деректер статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес 2021 жылғы 30 сәуір құрастырылады.

8.9.1.1 Туризмде тікелей құрылатын ЖҚҚ НКІ (өткен жылға пайызбен)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	115,3	124,0	118,7	107,2	...

*2019 жылғы деректер статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес 2021 жылғы 30 сәуір құрастырылады.

8.10-міндет

Ұлттық қаржылық мекемелердің қабілеттілігін күшейту және барлығына бірдей банктік, сақтандыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті көтермелеу және кеңейту

8.10.1 а) 100 000 ересек адамға коммерциялық банк филиалдарының және

б) 100 000 ересек адамға арналған банкоматтар саны

(100 000 ересек адамға)



	2015	2016	2017	2018	2019
100 000 ересек адамға коммерциялық банк филиалдарының саны	3,4	2,9	2,8	2,7	2,3
100 000 ересек адамға банкоматтар саны	75,2	78,0	78,6	88,8	87,1

8.а-міндет

«Саудаға көмек» бастамасының аясында көрсетілетін дамушы елдерге, әсіресе ең аз дамыған елдерге қолдау көрсетуді, соның ішінде Сауда саласында ең аз дамыған елдерге техникалық көмек көрсету үшін Кеңейтілген кешенді негіздемелік бағдарлама бағыты бойынша қолдау көрсетуді ұлғайту

8.а.1 «Саудаға көмек» бастамасы шеңберіндегі міндеттемелер мен төлемдер көлемі

(млн. АҚШ доллары)



	2015	2016	2017	2018
Қазақстан – алушы	16,4	35,2	8,1	8,4
Қазақстан – донор	0,71	1,92	0,13	4,48
Қазақстан – міндеттемелер	16,4	5,7	18,2	13,5

8.б-міндет

2020 жылға қарай жастарды жұмыспен қамтудың жаһандық стратегиясын әзірлеу және қолданысқа енгізу және Халықаралық еңбек ұйымының жұмыс орындары туралы Жаһандық келісімді жүзеге асыру

8.б.1 Халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендердің ішінен орнықты жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жастардың үлесі

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	77,0	73,20	73,10	59,30	64,00





9-МАҚСАТ

«БЕРІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ, АУҚЫМДЫ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ»

Қазіргі өсу және урбанизация қарқыны кезінде орнықты инфрақұрылымды құруға қосымша инвестициялар қажеттілігі туындайды, соның арқасында қалалар орнықты даму рельстеріне ауыса алады. Индустрияландыру және инфрақұрылым экономикалық өсудің негізгі элементтері болып табылады. Мысалы, қайта өңдеу өнеркәсібінде қосымша құрылған жұмыс орны 2,2 жұмыс орнын құруға ықпал ете отырып, басқа сабақтас салаларға мультипликативтік әсер етеді. Өз кезегінде дамыған инфрақұрылым барлық адамдардың өндірілетін игіліктерге қол жеткізуін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Бүгінгі таңда көптеген елдерде базалық инфрақұрылым (жолдар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, санитария, электр энергиясы және сумен жабдықтау) әлі де тиісті деңгейге қойылған жоқ, ал кейбір елдерде ол толығымен жоқ. Сонымен, 1-1,15 миллиард адам сенімді байланыс қызметтеріне қол жеткізе алмайды. Дүние жүзі бойынша 2,5 миллиард адам санитарияның негізгі жағдайларына қол жеткізе алмайды және 800 миллионға жуық адам су ресурстарына қол жеткізе алмайды.

Дамушы елдердегі индустрияландыру адамдардың әл-ауқатын арттыруға, олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге, экономикалық қызмет пен лайықты жұмыспен таныстыруға мүмкіндік береді.

Инфрақұрылымға инвестициялар көптеген елдердегі қауымдастықтардың орнықты дамуы мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін өте қажет.

Қазақстандағы 9 ОДМ бойынша прогресс:

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды ауқымды дамыту бағдарламасы шеңберінде елдің экспорттық және транзиттік мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған тиімді көлік-логистикалық инфрақұрылым қалыптастырылды. Бағдарлама аясында 1,6 мың шақырымға жуық автомобиль жолдары салынды және реконструкцияланды. Батыс Еуропа – Батыс Қытай магистральдық көлік дәлізі іске қосылды.

12,5 мың шақырымнан астам автомобиль және 2,5 мың шақырым темір жол салынды және реконструкцияланды. Соңғы 10 жылда көліктің барлық түрлерінің жүк айналымының көлемі 1,8 есе 597,6 млрд ткм-ге дейін, жолаушылар айналымының көлемі 2,3 есе 295,5 млрд ткм-ге дейін өсті. 2019 жылы автомобиль көлігімен жүктің 84,1%-ы, құбыржол көлігімен – 6,5%-ы, теміржол көлігімен – 9,4%-ы тасымалданды. Жолаушыларды тасымалдауда автомобиль көлігі де жетекші орын алады.

Өңдеуші өнеркәсіптің халықтың жан басына шаққандағы жалпы қосылған құны (ЖҚҚ) соңғы 5 жылда 11,7%-ға ұлғайды. Сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің экспорты көлемінің өсуі байқалады, ол 15,2%-ға дейін ұлғайды. Алайда, өңдеу өнеркәсібіндегі жаңа жұмыс орындарының саны төмендеуде: 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін көрсеткіш 21 497,0 мың адамнан 6 152,0 мың адамға дейін төмендеді.

Жылдан жылға қоршаған ортаға шығарындылар көлемі артып келе жатқанын атап өткен жөн, мысалы, 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейін CO₂ шығарындылары жан басына шаққанда 20,25 тоннадан 21,96 тоннаға дейін CO₂-экв/жан басына шаққанда өсті.



Қазақстанда ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындардың төмен деңгейі сақталуда, олардың ЖІӨ-дегі үлесі 2019 жылы бар болғаны 0,12%-ды құрайды. 2015 жылмен салыстырғанда ҒЗТКЖ-ға арналған шығындардың жалпы көлеміндегі бизнес шығыстары үлесінің шамалы өсуі байқалады (0,9%-ға), бұл 2019 жылы 41,2%-ды құрайды.


Республикада ҒЗТКЖ орындаған зерттеуші мамандардың саны (толық жұмыспен қамту баламасында) соңғы 5 жылда 16%-ға төмендеді. ЖҚҚ жалпы көлеміндегі орта технологиялық және жоғары технологиялық салалар өнімдерінің ЖҚҚ үлесі 1,4%-ды құрайды.

9.1-міндет

Экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында барлығына бірдей қымбат емес және тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге айрықша назар аудара отырып, өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылыммен бірге сапалы, сенімді, орнықты әрі берік инфрақұрылымды дамыту

9.1.2 Көлік түрлері бойынша бөліністегі жолаушылар және жүк тасымалының көлемі







9.2-міндет


Жалпыны қамтитын және орнықты индустрияландыруға жәрдемдесу және 2030 жылға қарай өнеркәсіптегі жұмыспен қамту деңгейін және ұлттық талаптарға сәйкес жалпы ішкі өнімдегі өнеркәсіптік өндіріс үлесін едәуір арттыру және ең аз дамыған елдердегі тиісті көрсеткіштерді екі есеге арттыру

9.2.1 ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста және халықтың жан басына шаққандағы өңдеуші өнеркәсіпте құралатын қосылған құн (2010 жылғы бағаларда)




	2015	2016	2017	2018	2019
ЖІӨ-ге өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚҚ үлесі, ҚР бойынша барлығы, пайыз	10,4	10,5	10,7	10,7	10,9
Халықтың жан басына шаққандағы өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚҚ, ҚР бойынша барлығы, АҚШ доллары	1 105,0	1 109,1	1 161,5	1 182,0	1 250,8





9.2.1.1 Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің өсуі (өткен жылға пайызбен)




9.2.1.2 Өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің экспорты көлемінің өсуі (өткен жылға пайызбен)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	14,1	12,9	15,6	15,7	15,2

9.2.2 Өңдеу өнеркәсібінде жаңа жұмыс орындарын құру (адам)



9.3-міндет

Әсіресе дамушы елдерде ұсақ өнеркәсіптік және басқа кәсіпорындардың қаржылық қызметтерге, соның ішінде қымбат емес кредиттерге қолжетімділігін арттыру және олардың өндіру-өткізу тізбектері мен нарықтардағы интеграциясын күшейту

9.3.1 Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпорындар өндірісінің көлемі

(млрд. теңге)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	3 248,2	3 959,1

9.3.2 Кредиті немесе кредиттік желісі бар шағын кәсіпорындардың үлесі

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	2,3	2,4	2,1	2,0	2,2

9.4-міндет

2030 жылға қарай жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен инфрақұрылымды жетілдіру және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мен таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процесс неғұрлым кең пайдалану есебінен кәсіпорындарды орнықты етіп қайта жабдықтау

9.4.1 ЖІӨ-ге CO₂ шығарындылар*

(кг CO₂-экв/хал. доллармен)

	2015	2016	2017	2018	2019**
Қазақстан Республикасы	0,83	0,83	0,85	0,86	...

* Есеп ЖІӨ-ге 2017 жылдың орнықты бағасымен (СМТ бойынша, халықаралық бағамен) жүзеге асырылды. доллармен. Дереккөз: Worldbank)

** 2019 жылғы деректер ҚР ЭГТРМ 2021 жылғы сәуір айының соңында ҚР СЖРА ҰСБ ұсынылатын болады

9.4.1.1 Халықтың жан басына шаққандағы CO₂ шығарындылары

(CO₂-экв / халықтың жан басына шаққандағы тонна)

	2015	2016	2017	2018	2019*
Қазақстан Республикасы	20,25	20,12	21,26	21,96	...


* 2019 жылғы деректер ҚР ЭГТРМ 2021 жылғы сәуір айының соңында ҚР СЖРА ҰСБ ұсынылатын болады

9.5-міндет

Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде ғылыми зерттеулерді жандандыру, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық әлеуетін, оның ішінде 2030 жылға қарай инновациялық қызметті ынталандыру және 1 миллион адамға есептегенде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТҚЖ) саласындағы қызметкерлер санын, сондай-ақ ҒЗТҚЖ-ға арналған мемлекеттік және жеке шығыстарды едәуір ұлғайту жолымен арттыру

9.5.1 ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы ҒЗТҚЖ ішкі шығыстары

(пайыз)




9.5.1.1 ҒЗТҚЖ-ға арналған шығындардың жалпы көлеміндегі бизнес шығыстарының үлесі

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	40,1	43,4	41,6	42,9	41,2

9.5.2 ҒЗТКЖ орындаған зерттеуші мамандардың саны (толық жұмыспен қамтылу баламасында) (1 000 000 тұрғынға шаққандағы адам)




9.а-міндет

Африка елдерін, ең аз дамыған елдерді, дамушы елдерді, теңізге шыға алмайтын елдерді және шағын аралдағы дамушы мемлекеттерді қаржылық, технологиялық және техникалық қолдауды арттыру есебінен экологиялық орнықты және берік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу

9.а.1 Ресми халықаралық қолдаудың

(даму мақсатындағы ресми көмектің және ресми қаржыландырудың басқа ағындарының) жиынтық көлемі
(млн АҚШ доллар)




	2015	2016	2017	2018
Қазақстан – алушы	619,4	1465,6	409,1	299,5
Қазақстан – донор	0,69	1,84	0,11	3,53

9.б-міндет

Дамушы елдердегі отандық технологиялар саласындағы әзірлемелерді, зерттеулерді және инновацияларды, соның ішінде, атап айтқанда өнеркәсіпті әртараптандыруға және шикізат салаларындағы қосылған құнды ұлғайтуға қолайлы жағдай туғызатын саяси климатты жасау арқылы қолдау

9.б.1 Қосылған құнның жалпы көлеміндегі орташа технологиялық және жоғары технологиялық салалардың өнімдеріне қосылған құн үлесі

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
ЖҚҚ жалпы көлеміндегі орташа технологиялық және жоғары технологиялық салалардың ЖҚҚ үлесі	1,2	1,2	1,3	1,4	1,4

9.с-міндет


Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қолжетімділікті едәуір кеңейту және 2020 жылға қарай ең аз дамыған елдерде интернетке деген жалпыға ортақ және қымбат емес қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылу

9.с.1 Технологиялар бойынша бөліністегі ұтқыр желілермен қамтылған халық үлесі

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
GSM стандарты (халықты ұялы байланыс желісімен қамту пайызы)	96,6	96,1	96,6	96,6	98,0
UMTS стандарты (халықты 3G ұялы байланыс желісімен қамту пайызы)	72,7	86,8	87,5	87,9	88,8



10-МАҚСАТ

«ЕЛДЕР ІШИНДЕГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ»

Соңғы екі онжылдықта миллиардқа жуық адам кедейліктен құтылды. Бұл – адамзат тарихындағы теңдессіз жетістік. Осыған қарамастан, бүгінде әлемде 800 миллионға жуық адам кедейлікте өмір сүреді.

Бүгінгі күнге дейін табыс теңсіздігі әлемдік экономиканың ең өткір проблемаларының бірі болып қалуда. Кедейлікті азайту мен орта таптың ұлғаюында айтарлықтай прогресс байқалды. Айта кету керек, теңсіздік елдер арасында айтарлықтай төмендеді, бірақ елдер ішінде емес.

«Ешкім де шетте қалмайды» қағидатын іске асыру теңсіздіктің түпкі себептеріне назар аударуды, кемсітушіліктің барлық нысандарын нақты анықтауды және жоюды талап етеді.

Әсіресе, ең кедей қабаттардың, әсіресе ең кедей 40%-ның өмір сүру деңгейін арттыруға назар аудару қажет.

Кедейлер мен байлар арасындағы алшақтық дамыған елдерде де күшейе түсуде. Осылайша, мұндай елдердегі халықтың ең кедей 40%-ы барлық байлықтың тек 3%-ына ие, ал ең бай адамдардың 10%-ы бүкіл әл-ауқаттың жартысынан көбін шоғырландырады.

Көрініс бойынша барлық елдердегі кірістер мен байлық өте шоғырланған. Бұл көптеген қоғамдарда мүмкіндіктер теңсіздігі, тауарларға тең қолжетімділік басым екенін білдіреді.

Қазақстандағы 10 ОДМ бойынша прогресс:

Қазақстанның инклюзивті экономикалық өсуінің басты міндеті халықтың әл-ауқатын дәйекті түрде арттыру болып табылады. Бұл ретте ЖІӨ-нің өсуі нәтижелі жұмыспен қамтуды арттыру және лайықты жалақысы бар жаңа жұмыс орындарын құру арқылы халық табысының артуымен ілесе жүреді.

Бұл ретте теңсіздікті төмендету жөніндегі мәселелерді шешу қазақстандық қоғамдастық үшін әлі де өзекті болып қалуда.

Қазақстанның үлкен аумағы – бұл үлкен игілік және сонымен бірге өңірлер арасындағы дифференциацияға ықпал ететін маңызды фактор, ол халықтың табысындағы елеулі айырмашылықтардан көрінеді. 5 жыл ішінде мемлекеттік бюджет тапшылығы орта есеппен 1 045 424,24 млн. теңгені құрады.

Бүгінгі таңда өңірлер арасындағы ЖӨӨ бойынша алшақтық 3,2 есені құрайды. 2025 жылға қарай өңірлер арасындағы ЖӨӨ бойынша даму алшақтығын 2,7 есеге дейін төмендету міндеті қойылды.

Ең жоғары табыс деңгейі бар халықтың 20%-ы халықтың жалпы табыс көлемінің 39,25%-ын иеленеді. Ал ең төменгі кірісі бар халықтың 20%-ында халықтың жалпы табыс көлемінің 9,36%-ы ғана бар.

Осыған байланысты 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспардың негізгі ұлттық индикаторларының бірі халықтың ең аз қамтамасыз етілген 40%-ының табысының үлесін 2025 жылға қарай 22,8%-дан 27%-ға дейін арттыру болып табылады.

Бүгінгі күні халықтың ең аз қамтамасыз етілген 40 пайызы арасында үй шаруашылығы шығыстарының жан басына шаққандағы өсу қарқыны шамамен 110%-ды құрайды. Бұл ретте, елде еңбекақы төлеуге келетін ЖІӨ үлесі төмендеуде. 2019 жылы көрсеткіш 30,5%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 1,7 тармақшаға төмен.

Ел халқының әл-ауқатын арттыруда халықаралық ынтымақтастыққа маңызды рөл бөлінген. Бүгінде Қазақстан 158 халықаралық ұйымның мүшесі болып табылады, бұл жаһандық халықаралық экономикалық және қаржы мекемелерінде шешімдер қабылдау процестеріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Қазақстанның басқа елдерге ресми көмек және өзге де қаржы ағындары түрінде жіберген ресурстар ағындарының жиынтық көлемі 150,9 млн. АҚШ долларын құрады.

10.1-міндет

2030 жылға қарай халықтың ең аз қамтылған 40 пайызының табыс өсімін біртіндеп ел бойынша орташадан жоғары деңгейге жеткізу және ұстап тұру

10.1.1 Халықтың жан басына шаққандағы ең аз қамтылған 40 пайыз халық бүкіл арасындағы және халық арасындағы үй шаруашылықтары шығыстарының және жеке табыстарының өсу қарқыны (өткен жылға пайызбен)



	2015	2016	2017	2018	2019
Халықтың жан басына шаққандағы үй шаруашылықтарының шығыстары ¹⁾	103,7	108,7	110,7	110,5	109,0
Халықтың жан басына шаққандағы үй шаруашылықтарының табыстары ²⁾	105,5	108,2	107,0	110,2	110,1
Халықтың ең аз қамтылған 40 пайыз арасындағы үй шаруашылықтарының жан басына шаққандағы шығыстары	103,1	109,3	109,2	111,1	108,9
Халықтың ең аз қамтылған 40 пайыз арасындағы үй шаруашылықтарының жан басына шаққандағы табыстары	103,6	109,5	106,0	111,8	109,7

¹⁾ халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығыстары (бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі (12000) зерттеу деректері бойынша)

²⁾ халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстары (тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі (12000) зерттеу деректері бойынша)

10.4-міндет

Тиісті саясатты, әсіресе бюджеттік-салықтық саясатты және еңбекақы мен әлеуметтік қорғау мәселелеріндегі саясатты қабылдау және біртіндеп көбірек теңдікті қамтамасыз етуге ұмтылу

10.4.1 Еңбекақы төлеуге келетін ЖІӨ үлесі (пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	32,2	30,3	30,5	30,5	30,5

10.5-міндет

Ғаламдық қаржылық нарықтарды және мекемелерді реттеу және мониторингілеу әдістерін жетілдіру және мұндай әдістерді неғұрлым жүйелі қолдану

10.5.1 Мемлекеттік қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	22,1	24,3	24,8	24,9	24,0

10.5.1.1 Мемлекеттік бюджет тапшылығы

(млн. теңге)



Қазақстан Республикасы


2015	-915 704,8
2016	-737 717,6
2017	-1 455 319,8
2018	-833 072,3
2019	-1 285 306,7

10.6-міндет

Ғаламдық халықаралық экономикалық және қаржылық мекемелерді неғұрлым тиімді, беделді, есепті және заңды ету мақсатында олардағы шешім қабылдау үдерістеріндегі дамушы елдердің басым өкілділігін және басым дауыс беру құқығын қамтамасыз ету

10.6.1 Қазақстан мүшелік ететін халықаралық ұйымдардың саны

(бірлік)



158

10.a-міндет

Дүниежүзілік сауда ұйымының келісімдеріне сәйкес дамушы, әсіресе ең аз дамыған елдер үшін айрықша және сараланған тәртіп қағидатын жүргізу

10.a.1 Тарифтік преференциялар қолданылатын аз дамыған елдер мен дамушы елдерге берілетін тауарлық позициялардың үлесі

(пайыз)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	21,4	21,5	21,1	21,8	21,8

10.b-міндет

Дамыту мақсатында ресми көмекті және қаржы ағынын, соның ішінде тікелей шетел инвестицияларын неғұрлым мұқтаж мемлекеттерге, әсіресе ең аз дамыған елдерге, африка елдеріне, шағын аралдағы дамушы елдерге және олардың ұлттық жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес теңізге шыға алмайтын дамушы елдерге бөлуді көтермелеу

10.b.1 Алушы елдер және донор елдер мен ағындар түрлерінің бөлінісінде (мысалы, дамыту мақсатындағы үшін ресми көмек, тікелей шетел инвестициялары және өзге де қаржы ағындары)
дамыту мақсатындағы ресурстар ағындарының жиынтық көлемі
 (млн. АҚШ доллар)



	2015	2016	2017	2018
Қазақстан – алушы	4428,9	418,7	-3796,5	-8163,7
Қазақстан – донор	43,0	30,8	35,2	40,34





11-МАҚСАТ

«ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АШЫҚТЫҒЫН, КАУІПСІЗДІГІН, ӨМІРШЕҢДІГІН ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

Қалалар зияткерлік қызмет, сауда, мәдениет, ғылым, өнімді еңбек, әлеуметтік даму және т.б. орталықтары болып табылады. Орнықты қалалар адамдарға әлеуметтік және экономикалық дамуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда адамзаттың жартысы – 3,5 миллиард адам қалаларда тұрады. Болжам бойынша, 2030 жылға қарай қалалық аймақтардағы адамдар саны 5 миллиард адамға жетеді.

Бұл үрдіс қалаларды тиімді жоспарлау мен басқаруды енгізуді талап етеді, басқаша айтқанда, урбандалудың алдағы сын-қатерлеріне әзірлік қажет.

Бірақ жұмыс орындарын құруға және жер мен ресурстардың сарқылуынсыз өркендеуге баса назар аудара отырып, қала шаруашылығын басқару процесімен қатар басқа да бірқатар проблемалар туындайды. Қалалардың жалпы проблемаларына халықтың көп болуы, базалық қызметтерді қамтамасыз ету үшін қаражаттың жетіспеуі, барабар тұрғын үйдің жетіспеушілігі және инфрақұрылымның тозуы жатады.

Урбандалу процесі орнықты болуға және ресурстарды тиімді пайдаланумен әрі қоршаған ортаның ластану деңгейі мен кедейшілік ауқымын азайтумен қатар жүргізілуге тиіс.

Біз барлығымыз үшін қалайтын болашақ мүмкіндіктері, негізгі қызметтерге қолжетімділігі, тиісті энергиямен жабдықтау, тұрғын үй, көлік және басқа да көптеген қалалардың болуын болжайды.

Қазақстандағы 11 ОДМ бойынша прогресс:

Сумен жабдықтаумен жабдықталған ауылдық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлес салмағы 4 есеге – 2008 жылғы 24%-дан 2019 жылы 96%-ға дейін ұлғайды.

10 жыл ішінде елімізде 90 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2019 жылы жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсті. Бұл ретте, тұрғын үймен қамтамасыз ету қалыпты қарқынмен өсуде, ол қазіргі уақытта бір тұрғынға 22,2 шаршы метрді құрайды. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі бір тұрғынға 18,9 шаршы метрді құрайды, бұл орташа республикалық мәннен төмен. Сонымен қатар, жеткілікті, қауіпсіз және арзан тұрғын үйге жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар оң нәтиже беруде. 5 жыл ішінде апатты жағдайдағы үйлерде тұратындар саны 108 673-тен 69 389 адамға дейін қысқартылды. Бұл ретте апатты жағдайдағы үйлердің 71,5%-ы Алматы қаласында тұрады.

Қазақстанда урбандалу деңгейі Орта Азия елдері арасында ең жоғары болып табылады – 2019 жылдың басында урбандалу 57,8%-ды құрады.

Ел әлеуметтік кедергілерді жоюға, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, климаттың өзгеру салдарларын жұмсартуға, оның өзгеруіне бейімделуге және дүлей зілзалаларға қарсы тұру қабілетіне бағытталған кешенді стратегиялар мен жоспарларды қабылдаған және жүзеге асыратын қалалар мен елді мекендердің санын едәуір ұлғайту жөніндегі міндетті белсенді түрде ілгерілетуде. Осы міндетті іске асыру шеңберінде Қазақстанның барлық өңірлерінде апаттар тәуекелін төмендетудің ұлттық стратегияларына сәйкес апаттар тәуекелін төмендету мәселелерін қамтитын жергілікті стратегиялар қабылданды және іске асырылуда.

Қазақстанның қалалардың теріс экологиялық әсерін азайту жөніндегі мақсатты саясатының арқасында ел белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді, оның ішінде:

- 2016-2019 жылдары халықты қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен қамтамасыз ету 66,4%-дан 85,1%-ға дейін өсті;
- 2015-2019 жылдары тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі олардың түзілуіне қарай 1,8%-дан 14,9%-ға дейін өсті;
- 2016-2019 жылдары экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін полигондардың үлесі 15%-дан 20,1%-ға дейін өсті.


Қазақстанның барлық өңірлерінде қалалық, қала маңындағы және ауылдық аудандар арасындағы оң экономикалық, әлеуметтік және экологиялық байланыстарды қолдау мақсатында халықтың өсу болжамдары мен ресурстарға қажеттілікті ескеретін қалалық және өңірлік құрылыс жоспарлары іске асырылады. Алайда, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ортаның жеткіліксіз қолжетімділігі, сондай-ақ «екінші деңгейдегі» қалалар мен оларға іргелес елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлсіз дамуы әлі де байқалуда.

ОДМ-дың маңызды міндеттерінің бірі – осал жағдайдағы адамдардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектер мен қарт адамдардың мұқтаждықтарына ерекше назар аудара отырып, 2030 жылға қарай барлығын қауіпсіз, арзан, қолжетімді және экологиялық тұрақты көлік жүйелерімен қамтамасыз ету. Тек Маңғыстау облысында жергілікті маңызы бар жолдардың 90%-дан астамы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысында жолдардың тек 28,7%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Жергілікті маңызы бар жолдары бар 14 өңірдің 6-ында жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 70%-дан аз.

11.1-міндет

2030 жылға қарай жеткілікті, қауіпсіз және қымбат емес тұрғын үйге және жаңа қызметтерге жалпыға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ету және қалың тоғайларды абаттандыру


11.1.1 Апатты жағдайдағы үйлерде тұратындар саны (адам)



11.2-міндет

2030 жылға қарай жағдайы төмен тұлғалардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің және қарт адамдардың қажеттіліктеріне баса назар аудара отырып, жол қозғалысының қауіпсіздігін, атап айтқанда қоғамдық көлікті пайдалануды кеңейту негізінде барлығының қауіпсіз, қымбат емес, қолжетімді және экологиялық орнықты көлік құралдарын пайдалануын қамтамасыз ету

11.2.1.1 Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңыздағы жолдар үлесі (пайыз)





11.3-міндет


2030 жылға қарай барлығына ашық және экологиялық орнықты қалаландудың және елді мекендерді кешенді және орнықты жоспарлау және оларды барлық елдерде қатысу негізінде басқару мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейту

11.3.1 Бір тұратын адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтылу (шаршы метр)



	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	21,0	21,4	21,6	21,9	22,2
<i>жергілікті жері бойынша</i>					
 қалалық жер	23,5	24,0	24,1	24,2	24,7
 ауылдық жер	17,8	18,0	18,2	18,6	18,9

11.3.2 Қала құрылысын жоспарлауға және қала шаруашылығын басқаруға азаматтық қоғамның тікелей қатысуын қамтамасыз ететін құрылымдар орнықты және демократиялық негізде жұмыс істейтін қалалардың үлесі (пайыз)




11.4-міндет

Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау және сақтау жөніндегі күш-жігерді жандандыру

11.4.1 Қаржыландыру көздері (мемлекеттік және жеке), **мұра түрлері** (мәдени, табиғи, аралас және мемлекеттік ведомстволық бағыныстылық деңгейі (ұлттық, өңірлік және ергілікті/муниципалдық) **бойынша бөліністегі бүкіл мәдени және табиғи мұраны сақтау және қорғау мақсаттарына халықтың жан басына шаққандағы шығыстардың жалпы сомасы** (пайыз)



Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы санынан ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілген республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің үлесі




11.6-міндет

2030 жылға қарай ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы халықтың жан басына қайта есептегендегі қалалардың жағымсыз экологиялық әсерін азайту

11.6.1 Халықты қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі қызметтермен қамтамасыз ету (пайыз)




Қазақстан Республикасы




11.b-міндет

2020 жылға қарай әлеуметтік кедергілерді жоюға, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, климаттың өзгеру нәтижелерін жұмсартуға, оның өзгерісіне бейімделуге және табиғи апаттарға қарсы тұру қабілеттілігіне бағытталған, кешенді стратегиялар мен жоспарларды қабылдаған және жүзеге асыратын қалалар мен елді мекендердің сандарын едәуір ұлғайту және 2015-2030 жылдар бойынша апаттардың пайда болу қаупін төмендету бойынша Сендай негіздемелік бағдарламасына сәйкес барлық деңгейдегі апаттармен байланысты туындайтын қауіп-қатерлерді кешенді басқару бойынша шараларды әзірлеу және енгізу

11.b.2 Апаттардың қаупін төмендетудің ұлттық стратегияларына сәйкес апаттардың қаупін төмендетудің жергілікті стратегияларын қабылдаған және жүзеге асыратын жергілікті билік органдарының үлесі (пайыз)







12-МАҚСАТ

«ОҢТАЙЛЫ ТҰТЫНУ МЕН ӨНДІРУ ҮЛГІЛЕРІНЕ ӨТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

Орнықты тұтыну мен өндіріс дегеніміз – энергия мен ресурстарды тиімді пайдалану, орнықты инфрақұрылым құру, «жасыл» және лайықты жұмыс орындарын қамтамасыз ету және негізгі әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу арқылы өмірдің жоғары сапасын қамтамасыз ету. Осы шарттарды іске асыру ең аз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік шығындармен алға қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл болашақта елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсер етеді.

Соңғы уақытта, әсіресе Шығыс Азия елдерінде табиғи ресурстарды тұтыну қарқынының өсуі байқалады. Көптеген мемлекеттер ауаның, су ресурстарының және топырақтың ластануы саласында проблемаларға тап болады.

Орнықты тұтыну және өндіріс әл-ауқат деңгейін бір мезгілде арттыра отырып, бүкіл өмірлік цикл ішінде тозу мен ластануды азайту арқылы экономикалық қызметтен таза пайда алуға бағытталған. Ол үшін қатысушылары – өндірушіден бастап соңғы тұтынушыға дейінгі жеткізушілер тізбегінің арасында жүйелі көзқарас пен ынтымақтастық қажет. Бұл орнықты тұтыну және өмір салты мәселелері бойынша ағартушылық және оқыту бастамалары арқылы тұтынушыларды тартуды; стандарттау және таңбалау есебінен тұтынушыларға жеткілікті көлемде ақпарат беруді; мемлекеттік сатып алуды орнықты қағидаттарға сүйене отырып ұйымдастыру және т.б. көздейді.

Әлемдегі ең ірі 250 компанияның 93 пайызы өндірістің орнықтылығы туралы есеп береді.

Су ресурстары

Тұщы (ауыз су) су әлемдік су ресурстарының 3 пайызынан азын құрайды, оның 2,5 пайызы Антарктика, Арктика және таулы аймақтардың мұздықтарына тиесілі. Сондықтан адамзат барлық антропогендік экожүйелердің қажеттіліктері мен тұщы су қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін су ресурстарының 0,5 пайызына сенуі керек.

1 миллиардтан астам адам әлі де тұщы суға қол жеткізе алмай отыр.

Энергетика

Егер әлем халқы энергия үнемдейтін шамдарды пайдалануға көшсе, бұл жыл сайын 120 миллиард долларға дейін үнемдеуге көмектесер еді.

Үй шаруашылықтарының үлесіне жаһандық энергия тұтынудың 29 пайызы және тиісінше олардың қызметі нәтижесінде пайда болатын көмірқышқыл газы шығарындыларының 21 пайызы тиесілі.

2015 жылы энергияны түпкілікті тұтынудың 17,5 пайызы жаңартылатын энергия көздері есебінен қамтамасыз етілді.

Азық-түлік

Жыл сайын өндірілетін азық-түлік көлемінің үштен бірі – құны 1 триллион АҚШ доллары болатын 1,3 миллиард тонна тасымалдау мен жинаудың жеткіліксіз жағдайларының нәтижесінде полигонға тасталады.

Әлемдік энергия тұтынудың 30 пайызы және парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемінің шамамен 22 пайызы азық-түлік секторының үлесіне тиесілі.



Қазақстандағы 12 ОДМ бойынша прогресс:

Қазақстанда химиялық заттар мен барлық қалдықтардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайту мақсатында белсенді шаралар қабылдануда.

Елде қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу бойынша 130-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Өңірлерде өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату бойынша 260-тан астам кәсіпорын жұмыс істейді. 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу мен кәдеге жарату үлесі олардың түзілуіне қарай 23,12%-дан 34%-ға өсті. Осы кезеңде тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату үлесі олардың түзілуіне қарай 8,3 есе өсті.

2016 жылдан бастап елімізде құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды, металл сынықтарын, пайдаланылған майлар мен сұйықтықтарды, батареяларды, электрондық қалдықтарды көмуге тыйым салынды.

2019 жылдың қаңтарынан бастап пластмассаны, қағазды және шыныны көмуге тыйым салу күшіне енді.


Осылайша, 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін қауіпті қалдықтардың пайда болуы жан басына шаққанда 14,34 тоннадан 9,75 тоннаға дейін төмендеді, оның ішінде «қызыл» және «янтарь» қауіптілік деңгейінің қауіпті қалдықтарының пайда болуы 18,5 есеге төмендеді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «қызыл» және «янтарь» қауіптілік деңгейіндегі қауіпті қалдықтардың пайда болуы жан басына шаққанда 225,1 кг құрады.

ЖІӨ-ге қатысты жиынтық ішкі материалдық тұтыну 0,4417 кг/АҚШ долл. (2010 ж. орнықты бағасымен) бұл ЭЫДҰ-ның орташа мәндерінен 20 есе көп.


12.4-міндет

2020 жылға қарай халықаралық келісілген қағидаттарға сәйкес химиялық заттар мен барлық қалдықтарды олардың тіршілік кезеңінің барысында экологиялық оңтайлы пайдалануға қол жеткізу және олардың адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға деген жағымсыз әсерін мейлінше қысқарту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін барынша қысқарту

12.4.2 Халықтың жан басына шаққандағы қауіпті қалдықтардың түзілуі
(қауіптіліктің барлық деңгейлері)
(халықтың жан басына шаққандағы тонна)



Халықтың жан басына шаққандағы қауіпті қалдықтардың
(«қызыл» және «янтарь» қауіптілік деңгейлерінің) түзілуі
(халықтың жан басына шаққандағы кг)







12.5-міндет


2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуының алдын алу, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қолдану арқылы қалдықтар көлемін едәуір қысқарту

12.5.1 Қалдықтардың түзілуіне өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі (пайыз)



12.5.1.1 Тұрмыстық қатты қалдықтарды олардың түзілуіне қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі (пайыз)







13-МАҚСАТ

«КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЛАРЫМЕН КҮРЕС БОЙЫНША ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ»

Орнықты дамуға қол жеткізудің ажырамас құрамдас бөлігі оның экономикалық дамуға, адамға және табиғи жүйелерге айтарлықтай әсер етуіне байланысты климаттың өзгеруіне қарсы күрес болып табылады. Осы проблеманың тиімді және уақтылы шешімдерін әзірлеу және оның салдарлары осы құбылыстың нәтижесінде соңғы онжылдықтардың жетістіктерін тұрақсыздандыруды болдырмауға мүмкіндік береді және елдерге болашақта төмен көміртекті экономикаға көшу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Парниктік газдың адамның іс-әрекетіне байланысты шығарындылары тарихи шыңға жетті. Қолда бар болжамдарға сәйкес, ХХІ ғасырда жер бетінің температурасы арта береді.

2018 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша Париж климаттық келісімін 175 тарап ратификациялады және 168 тарап өздерінің ұлттық жоспарларын РКООНИК Хатшылығына ұсынды.

1990 жылдан бастап көмірқышқыл газының әлемдік шығарындылары (CO_2) 50 пайызға жуық өсті. 2000 жылдан бастап 2010 жылға дейінгі кезеңде шығарындылар көлемі алдыңғы үш онжылдықтың әрқайсысына қарағанда жылдам өсті.

Техникалық шаралардың кең спектрін қолдану және мінез-құлық үлгісін өзгерту жағдайында индустрияландыру дәуіріне қарағанда орташа әлемдік температураның 2 градус Цельсий деңгейінде өсуін ұстап тұруға мүмкіндік бар.

Қазақстандағы 13 ОДМ бойынша прогресс:

Қазіргі уақытта Қазақстанда климаттың өзгеруіне бейімделу үшін түрлі іс-шаралар жүзеге асырылуда, оның ішінде табиғи апаттарға төзімділікті арттыру бойынша белсенді шаралар қабылдануда. Қазақстан 2015-2030 жылдарға арналған зілзала қаупін азайту жөніндегі Сендай негіздемелік бағдарламасына сәйкес зілзала қаупін төмендетудің ұлттық стратегиясын қабылдаған және жүзеге асыратын елдердің қатарына кіреді.

2013 жылы басталған шығарындыларға арналған квоталар саудасының қазақстандық жүйесі Орталық Азия өңірінде өзінше бірінші болып табылады. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар саудасы жүйесі (ПГ) 129 кәсіпорынның 225 қондырғысын қамтиды. 2018-2020 жылдарға ПГ шығарындыларына CO₂ 485 млн. тоннаға, резерв – CO₂ 35 млн. тоннаға квота көзделген.

Қазақстан Еуропа мен Орталық Азиядағы парниктік газдардың ірі эмитенттерінің бірі болып табылады, 2000 жылдан бері өсу үрдісі бар ұлттық шығарындылар 2016 жылы 338 миллион тонна CO₂ экв-ға жетті. Елдің даму қарқыны мен экономиканың жоғары энергия сыйымдылығын ескере отырып, 2030 жылға қарай ПГ шығарындыларының деңгейі айтарлықтай артады деп болжануда. Осындай құбылыстардың салдарынан ауаның орташа жылдық температурасы 2030 жылға қарай тағы 1,5-1,7°C-қа көтеріледі деп күтілуде.

ЖЭК өндіретін электр энергиясының көлемі электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінде 2020 жылы 3%-ға жетті. Аукцион тетігі арқылы ЖЭК жобаларын іріктеу бір жағынан жобалар мен инвесторларды іріктеу процесін ашық әрі түсінікті етуге, екінші жағынан ЖЭК қуаттарын іске қосудан түпкі тұтынушылардың тарифтеріне әсерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін неғұрлым тиімді технологиялар мен жобаларға бастауға мүмкіндік берді.

Климаттың өзгеруіне қарсы күресте жастарды тәрбиелеу маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстан климаттың өзгеруіне арналған оқытумен қамтуда айтарлықтай табысқа қол жеткізді. 2016-2019 жылдар аралығында жаңартылған білім беру мазмұнымен қамтылған балалардың үлесі 12,6%-дан 96%-ға дейін өсті. 2015-2019 жылдары елімізде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ЖОО және ТЖКБ білім алушыларының үлесі 2 есе өсті. 2019 жылдың қорытындысы бойынша қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ТЖКБ студенттерінің үлесі 60,7%-ды құрады. Бұл бағытта Солтүстік Қазақстан (98,4%), Шығыс Қазақстан (93,4%) және Жамбыл (77,5%) облыстары көш бастап тұр.

13.1-міндет

Барлық елдерде қауіпті климат құбылыстарына және табиғи зілзалаларға төзімділікті және бейімделу қабілетін арттыру

13.1.2 2015-2030 жылдарға арналған апаттар қауіп-қатерін төмендету бойынша Сендай негіздемелік бағдарламасына сәйкес апаттардың қауіп-қатерін төмендету ұлттық стратегияларын қабылдаған және жүзеге асыратын елдер саны




2017

ТЖМ осы бағдарламаны іске асыру жөніндегі ұлттық үйлестіруші болып табылады


13.3-міндет

Ағарту, ақпаратты тарату және адамдар мен мекемелердің климат өзгерісінің қауіптілігін жеңілдету және салдарларын әлсірету, оларға бейімделу және ерте ескерту бойынша мүмкіндіктерін жақсарту


13.3.1 а) Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ЖОО студенттерінің үлесі (пайыз)




б) Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ТЖКБ ұйымдарындағы білім алушылардың үлесі (пайыз)



13.3.1.1 Жаңартылған білім беру мазмұнымен қамтылған балалардың үлесі (пайыз)





14-МАҚСАТ

«МҰХИТТАРДЫ, ТЕҢІЗДЕРДІ ЖӘНЕ ТЕҢІЗ РЕСУРСТАРЫН ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕЛЕРІНДЕ САҚТАУ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛЫ ПАЙДАЛАНУ»

Әлемдік мұхит біздің планетамыздың климаты мен ауа райын күшті реттеуші бола отырып, табиғат пен адам үшін үлкен рөл атқарады. Мұхиттардың ресурстарын ұтымды пайдалану және оның ластану проблемасын шешу бүкіл адамзат өмірінің және оның орнықты болашағының кепілі болып табылады.

Мұхиттар жер бетінің төрттен үш бөлігін алып жатыр, жер қорының 97 пайызын құрайды және планетаның бүкіл ауданының 99 пайызын алып жатыр. Олар адамдар шығаратын көмірқышқыл газының шамамен 30 пайызын сіңіреді, бұл жаһандық жылынудың салдарын бейтараптандыруға көмектеседі.

Әлемдік мұхит акваторияларын қорғау саласында қол жеткізілген жетістіктерге климаттың өзгеруінің қолайсыз салдарлары (мұхиттың қышқылдануын қоса алғанда), кәсіптік балық түрлерін артық аулау және теңіз ортасының ластануы қауіп төндіреді. Мұхиттардың қышқылдануының қазіргі деңгейі индустриялық революция басталғаннан бергі көрсеткіштермен салыстырғанда 26 пайызға артты.

Әлемдік тенденциялар ластану мен эвтрофикация нәтижесінде жағалаудағы сулардың нашарлауын көрсетеді (суда қоректік заттардың көп мөлшері, көбінесе теңіз ортасына ағынды сулардың түсуіне байланысты, бұл өсімдіктердің белсенді өсуіне және оттегінің жетіспеушілігінен жануарлардың өліміне әкеледі).

Қазақстандағы 14 ОДМ бойынша прогресс:

Қазіргі уақытта Қазақстанда Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағы жұмыс істейді. Дүниежүзілік банктің қолдауымен Арал теңізі бассейнінің үшінші бағдарламасы (ПБАМ-3) іске асырылуда. Орман питомнигі кешені салынды және теңіздің құрғаған түбінде 61 мың га сексеуіл екпелері отырғызылды.

Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, теңіз жағалауын Арал елді мекеніне 1 км жақындатуға бағытталған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының 2-фазасы іске асырылуда.

Бұл ретте мұнай-газ өндіруші компаниялардың теңіз суларын жүйелі түрде қышқылдандыратыны байқалады, бұл өңірдің биоалуантүрлілігіне теріс әсер етеді. Соңғы 20 жылда Каспий итбалықтарының саны 4 есеге азайды.


Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағының аумағында Экологиялық кодексте көзделген функционалдық-аумақтық аймақтандыру (мыс., көші-қон аймағы және т.б.) жүргізілген жоқ, бұл осы аумақта мұнай кен орындарының болуын ескере отырып, табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуді қиындатады. 2017-2019 жылдары Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) жалпы үлесінен көл экожүйелерінің үлесі 2,67%-дан 2,52%-ға дейін азайды.

Қазақстанда ЖІӨ-дегі «Балық аулау және акваөсіру» үлесі 0,2%-ды құрайды. Бұл ретте, балық аулау және акваөсіру 17 өңірдің 12-сінде белсенді дамып келеді. Өңірлердегі ЖӨӨ-дегі «Балық аулау мен акваөсірудің» орташа үлесі 1%-дан аз, Қызылорда және Түркістан облыстарын қоспағанда, мұнда тиісінше 1% және 1,2%-ды құрайды.

14.3-міндет

Мұхиттың қышқылдану салдарларын, соның ішінде барлық деңгейде ғылыми ынтымақтастықтың дамуының арқасында барынша азайту және жою


14.3.1 Сынама алудың репрезентативтік станцияларының (Каспий теңізі) келісілген тобында өлшенетін теңіз суының сутегі көрсеткішінің (pH) орташа мәні



14.5-міндет

2020 жылға қарай ұлттық заңнамаға және халықаралық құқыққа сәйкес және қолда бар ең жақсы ғылыми ақпарат негізінде жағалау мен теңіз аудандарының кемінде 10 пайызын табиғат қорғау шараларымен қамту


14.5.1 Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) жалпы үлесінен Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағының көл экожүйелерінің үлесі (пайыз)



14.7-міндет

2030 жылға қарай шағын аралдық дамушы мемлекеттер мен онша дамымаған елдердің теңіз ресурстарын экологиялық тиімді пайдаланудан, сондай-ақ балық шаруашылығын, акваөсіру мен туризмді экологиялық тиімді ұйымдастыру нәтижесінде алынатын экономикалық пайданы көтеру

14.7.1 ЖІӨ-дегі «Балық аулау және акваөсіру» үлесі (пайыз)





15-МАҚСАТ

«ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ, ОРМАНДАРДЫ ОҢТАЙЛЫ ПАЙДАЛАНУ, ШӨЛЕЙТТЕНУМЕН КҮРЕС, ЖЕРДІҢ АЗУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ КЕРІ БҰРУ ЖӘНЕ БИОӘРТҮРЛІЛІКТІ ЖОҒАЛТУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ»

Ормандар климаттың өзгеруіне қарсы күресте маңызды рөл атқарады, биологиялық әртүрлілікті сақтауға көмектеседі және байырғы халықтар тұратын жер болып табылады. Олар жер бетінің шамамен 31 пайызын алады. Орманды тиімсіз пайдалану, құрғақ аудандардағы жерлердің үнемі тозуы аумақтың шөлейттенуіне әкеледі, бұл миллиондаған адамдардың өмірі мен өмір сүру құруларына теріс әсер етеді.

Ормандарда жануарлар, өсімдіктер мен жәндіктердің жер үсті түрінің 80 пайызынан астамы мекендейді.

Шамамен 1,6 миллиард адам, оның ішінде 70 миллион байырғы тұрғындар орман есебінен тіршілік етеді.

Қазіргі уақытта орманды ұтымды пайдалану және биоалуантүрлілік үшін үлкен маңызы бар аудандарды қорғау бойынша оң динамика байқалады. Сонымен қатар, жер құнарлылығының төмендеу үрдістері, биоалуантүрліліктің жоғалуы, сондай-ақ браконьерлік және жабайы жануарлар мен өсімдіктердің заңсыз саудасы үлкен алаңдаушылық тудырады.

2,6 миллиард адам ауыл шаруашылығына тікелей тәуелді, бірақ ауылшаруашылық жерлерінің 52 пайызы деградацияға орташа немесе қатты әсер етеді.

Қазақстандағы 15 ОДМ бойынша прогресс:

Қазақстанда флора мен фауна өкілдерінің алуан түрлілігі бар. Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктердің 387 түрі мен жануарлардың 224 түрі бар. БҰҰДБ жобалары аясында биоалуантүрліліктің құндылығын ҚР жаңа экологиялық кодексіне енгізу бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Тіршілік ету ортасының тозуы мен браконьерліктің салдарынан құстардың 27 түрі, сүтқоректілердің 16 түрі мен өсімдіктердің 16 түрі жойылып кету қаупі бар.

ҚР-дағы тозған жерлердің жалпы ауданы ел аумағының шамамен 2/3-ін құрайды (Арал және Каспий маңы өңірлері және дәнді дақылдар өсірілген солтүстік өңірлер).

Халықтың елеулі үлесі – әлемдегі орташа үлесінен 2,4 есе жоғары деградацияланған жерлерде өмір сүреді.

Қазіргі уақытта экожүйелерді сақтау бойынша халықаралық жобалар іске асырылуда.

Қазақстанда орман алқабы жалпы құрлық көлемімен салыстырғанда 5%-ды құрайды. Сонымен қатар, төрт өңірде (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары) бұл көрсеткіш 10%-дан асады, оның ішінде Жамбыл облысында 16,5%-ға дейін жетеді.

Соңғы 5 жылда республика аумағының орманмен қамтылған аумағы 3,7%-ға ұлғайып, 2019 жылы 13,1 млн. га-ға жетті, орманмен қамтылған аумақтың 85,7%-ы Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан, онда орман алқабы 1,6 млн. га-дан асады. Ең аз үлесті Атырау облысы құрайды, мұнда орманмен қамтылған аумақтың алаңы барлығы 18,7 мың га құрайды.

2019 жылы елдегі таулы ормандардың жалпы алаңы шамамен 6,0 млн. га құрады, олар республиканың 8 өңірінің аумағында орналасқан. 2015-2019 жылдары Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарын қоспағанда, 6 өңірде таулы орман алқаптары ұлғайды.

Жалпы, елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі 10%-дан аз. Сонымен қатар, жыл сайын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үлесінің аздаған өсуі байқалады.

Биоәртүрлілікті сақтау үшін өсімдіктердің генетикалық ресурстарының тұрақты өсуі байқалады, 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін биоәртүрлілікті сақтау үшін өсімдіктердің генетикалық ресурстарының көлемі, ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісіне арналған генетикалық ресурстарды қоса алғанда, 19,4%-ға ұлғайды.


Сирек кездесетін және жабайы тұяқты жануарлардың саны өсуде. Тоғай қызыл бұғыларының саны 1000 бірліктен аз. Дегенмен, соңғы бес жылда олардың саны 74,6%-ға өсті, ал қарақұйрық саны небәрі 9%-ға, құлан – 16,7%-ға, арқар – 14,3%-ға өсті.

2015 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі кезеңде Бетпақдала популяциясы санының 242 000-нан 26 200 бірлікке дейін төмендеуіне байланысты киіктер саны күрт төмендеді. Дегенмен, 2016 жылдан бастап киіктердің барлық түрлерінің саны өсуде, соңғы 3 жылда олардың саны 3 есе өсті. Киіктердің ең көп үлесі Орал популяциясына тиесілі, 5 жыл ішінде олардың саны 4 еседен астам өсті.

15.1-міндет

2020 жылға қарай халықаралық келісімдерден бастау алатын міндеттемелерге сәйкес жер үсті және ішкі тұщы су экожүйелерін және олардың көрсетілетін қызметтерін, соның ішінде ормандардың, сулы-батпақты алқаптардың, таулардың және шөлейт жерлердің сақталуын, қалпына келтірілуін және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету

15.1.1 Құрлықтың жалпы алаңына пайыздық қатынастағы ормандар алаңы (пайыз)



15.1.2 Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі (пайыз)




	2015	2016	2017	2018	2019
	9,3	9,3	9,5	9,6	9,6

15.2-міндет


2020 жылға қарай ормандардың барлық түрлерін тиімді пайдалану әдістерін енгізуге жәрдемдесу, ормансыздандуды тоқтату, деградацияға ұшыраған ормандарды қалпына келтіру және бүкіл әлемдегі орман өсіру және орманды қалпына келтіру масштабтарын барынша кеңейту

15.2.1 Орманмен жабылған аудан (мың га)




Ормандардағы жер үсті биомассасының қорлары

(млн. м³)




Таза орман алқаптарының өзгеруі


(мың га)



Заңмен қорғалатын аймақтардағы орман алаңының үлесі (пайыз)




Оларға қатысты орман шаруашылығын басқарудың ұзақ мерзімді жоспары әзірленген орман алаңының үлесі (пайыз)



15.3-міндет

2030 жылға қарай шөлге айналумен күресу, шөлге айналған, құрғақшылыққа ұшыраған және су басқан жерлерді қосқанда, деградацияға ұшыраған жерлер мен топырақтарды қалпына келтіру және бүкіл әлемдегі жердің жағдайын нашарлатпауға ұмтылу

15.3.1 Тозған жерлердің ауданы ауыл шаруашылық жерлердің жалпы ауданына пайыздық қатынаста (мың га)




15.4-міндет

2030 жылға қарай тау экожүйелерінің, соның ішінде олардың биологиялық алуан түрлілігін, олардың тұрақты дамуына қажетті игіліктерді беру мүмкіндіктерін арттыру үшін сақталуын қамтамасыз ету


15.4.1 Биологиялық әртүрлілік тұрғысынан маңызды қорғалатын таулы аудандардың үлесі

(пайыз)



15.4.2 Тау ормандағы

(мың га)



15.5-міндет

Тіршілік етудің табиғи орталарының деградациясын тежеу бойынша шұғыл түрде елеулі шараларды қолдану, биологиялық алуантүрлілікті жоғалтуды тоқтату және 2020 жылға қарай қырылу қаупінде тұрған түрлерді сақтауды және жоғалуының алдын алуды қамтамасыз ету

15.5.1 Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесі

(бірлік)


Өсімдік түрлері			Жануарлардың түрлері
	387	2015	224
	387	2016	224
	387	2017	224
	387	2018	224
	387	2019	224
			

15.6-міндет

Генетикалық ресурстарды пайдалану игіліктерін әділетті бөлуге жәрдемдесу және халықаралық деңгейде келісілген шарттарда осындай ресурстарға тиісті қол жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал ету

15.6.1 Ауыл шаруашылығына және азық-түлік өндірісіне арналған генетикалық ресурстарды қоса алғанда, биоалуантүрлілікті сақтауға арналған өсімдіктердің генетикалық ресурстары





(бірлік)

	2015	2016	2017	2018	2019
	314	336	357	375	375

15.7-міндет

Браконьерлікке және флора мен фаунаның қорғалатын түрлерінің контрабандалық саудасын болдырмау үшін шұғыл түрде шаралар қабылдау және тірі табиғаттың заңсыз өнімдеріне, сондай-ақ оларды ұсынуға деген сұранысқа қатысты проблемаларды шешу


15.7.1 Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген тұяқты жануарлардың саны (бірлік)

	 Тоғайлық қызыл бұғы	 Қарақұйрық	 Құлан	 Арқар
2015	503	13197	3595	15710
2016	716	13218	3807	15979
2017	825	13727	3984	16802
2018	856	14055	4103	16980
2019	878	14391	4197	17954

15.с-міндет

Браконьерлікпен және күзетілетін түрлердің контрабандалық саудасымен күрес жөніндегі жаһандық күш-жігерді жандандыру, оның ішінде жергілікті халықтың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз түрде өмір сүру құралдарын алу мүмкіндіктерін кеңейту арқылы

15.с.1 Ақбөкендердің саны (бірлік)

	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	295 470	108 300	152 600	215 100	334 400
Орал популяциясы	51 700	70 200	98 200	135 000	217 000
Үстірт популяциясы	1 270	1 900	2 700	3 700	5 900
Бетпақдала популяциясы	242 000	26 200	51 700	76 400	111 500



16-МАҚСАТ

«ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ БЕЙБІТШІЛІК СҮЙГІШ ЖӘНЕ АШЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ, БАРЛЫҒЫ ҮШІН СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕ ТИІМДІ, ЕСЕП БЕРЕТІН ЖӘНЕ БҰҚАРАНЫҢ ҚАТЫСУЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН МЕКЕМЕЛЕР ҚҰРУ»

Бейбіт және ашық қоғам құру барлық адамдар үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және тиімді және есеп беретін мекемелер болған кезде ғана мүмкін болады, олардың қызметі кісі өлтіру, адам саудасы, балаларға қатысты зорлық-зомбылық және жыныстық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Соңғы 10 жыл ішінде адам өлтіру және адам саудасы туралы істердің едәуір азаюына қарамастан, Латын Америкасында, Сахараның оңтүстігіне қарай Африка елдерінде және Азияда мыңдаған адамдарды қасақана кісі өлтіру қаупі жоғары. Жазасыздық және агрессия мен сексуалдық зорлық-зомбылық салдарынан балалардың құқықтарын бұзу фактілері туралы деректердің болмауы әлемнің көптеген елдерінде бұл проблеманың ушығуына ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлық, парақорлық, ұрлық және салық төлеуден жалтару дамушы елдерге шамамен 1,26 трлн. АҚШ. долл. келеді.

28,5 миллионға жуық бастауыш мектеп жасындағы балалар жанжалға ұшыраған аудандарда тұрады.

Құқық үстемдігі мен экономикалық даму едәуір дәрежеде өзара байланысты, бұл ұлттық және халықаралық деңгейлерде орнықты дамудың қажеттілігін негіздейді.

Қазақстандағы 16 ОДМ бойынша прогресс:

Дүниежүзілік Банктің 2019 жылғы бизнес жүргізу рейтингінде Қазақстанның сот жүйесі соңғы төрт жыл ішінде бірінші ондыққа кіреді (4-орын), оның ішінде сот ісін жүргізу сапасының индексі бойынша әлемнің 190 елінің арасында 1-орын.

Түрме халқының саны 2015 жылғы 47939 мың адамнан 2018 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 33989 мың адамға дейін қысқарды.

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойылды. Заңның негізгі мақсаты балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

2018 жылғы Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне Қазақстан 31 балл жинады және әлемнің 180 елінің арасында 124-орынды иеленді. Зерттеулерінде сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі құрылған бес рейтингтік агенттіктердің сарапшылары Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі күш-жігерін оң бағалады және демократия саласында бір мәнді емес. Үш рейтингтік агенттік Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылдаған шараларын бағалауды арттырды, тағы екеуі оны жеткіліксіз деп санады.

Деректердің талдауы сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың ауқымын олардың барлық нысандарында қысқарту жөніндегі шаралар біртіндеп оң нәтижелер беріп жатқанын көрсетеді. Халықтың сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау деңгейі 2016 жылғы 73%-дан 2019 жылы 62,6%-ға дейін төмендеді.

Бекітілген бюджетке қатысты республикалық бюджет шығыстарының талдауы осы көрсеткіштің тұрақсыз серпінге ие екенін көрсетті. Мәселен, 2015 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде көрсеткіш 91,2%-дан 130,3%-ға дейін өсті, 2018 жылы 104,5%-ға дейін төмендеді, ал 2019 жылы республикалық бюджеттің нақты шығыстарының үлесі бекітілген бюджетке қатысты 112,1%-ды құрады.

2019 жылы тексеру барысында анықталған өтініштер бойынша бұзушылықтардың қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың қалпына келтірілген құқықтарының үлесі 88,4%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 28,4%-ға артық. Соңғы бес жылда әкімшілік жауапкершілікке тартылған азаматтардың саны аздап төмендегені байқалады. Мәселен, егер 2015 жылы 100 мың адамға

шаққанда 21,1 мың адам әкімшілік жауаптылыққа тартылса, 2019 жылы мұндай азаматтардың саны 100 мың адамға шаққанда 20,7 мыңға дейін азайды.

Соңғы жылдары ұйымдасқан қылмыстық топ (ҰҚТ) құрамында жасалған қылмыстар санының тұрақты төмендеуі байқалады. Мәселен, 2016-2019 жылдары ҰҚТ құрамында жасалған қылмыстар саны 2 есеге азайды. Үкім шығарылғанға дейін ұстау жағдайларының саны өсуде, талданып отырған кезеңде үкім шығарылғанға дейін ұсталған адамдардың үлесі күзетке алынғандардың жалпы санының 24,1%-дан 41,0%-ға дейін өсті.

Сонымен қатар, татуластыру рәсімдері арқылы рұқсат етілген сот істері санының тұрақты өсуі байқалады. Мәселен, 2015-2019 жылдары қаралған істердің жалпы санына қатысты татуластыру рәсімдері арқылы рұқсат етілген сот істерінің үлесі 4 есе дерлік өсті.




Көшеде және қараңғыда өзін қауіпсіз сезінетін халық саны артып келетінін атап кету керек. Осылайша, 2019 жылғы жағдай бойынша респонденттердің 49,6%-ы өздері тұратын ауданда жалғыз көшеде жүріп, өзін толық қауіпсіз сезінеді. 42,8% өзін жеткілікті қауіпсіздікте сезінеді, қауіпсіз емес – 5,4%, мүлдем қауіпсіз емес – 0,9%.

16.1-міндет

Зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің таралуын едәуір азайту және бүкіл әлемде осы құбылыстың өлім-жітімін азайту

16.1.1 100 000 адамға шаққандағы қасақана кісі өлтіруден зардап шеккендер саны

(100 000 адамға)

	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы: 	4,9	4,8	5,1	4,4	3,9
<i>жынысы бойынша</i>					
 ерлер	7,2	7,2	8,0	6,5	6,0
 әйелдер	2,9	2,6	2,4	2,5	1,8
<i>жасы бойынша</i>					
0-17	0,9	0,5	0,7	0,6	0,3
18-24	5,8	6,5	5,9	5,1	3,9
25-54	8,6	9,8	8,6	9,2	8,3
55-59	9,2	8,4	7,0	6,3	5,6
60 жас және одан жоғары	4,9	5,0	5,3	4,9	3,2

16.1.4 Өз ауданында көшеде жалғыз жүргенде өзін қауіпсіз немесе қауіпті сезінетін адамдардың үлесі

(пайыз)






Барлығы:		2016	2019
		100,0	100,0
<i>оның ішінде өздерін сезінеді:</i>			
	толық қауіпсіздікте	42,4	49,6
	жеткілікті қауіпсіз	48,7	42,8
	қауіпсіз емес	8,9	5,4
	мүлдем қауіпсіз емес	...	0,9
	жауап беруге қиналды	...	1,2

16.2-міндет

Балаларға қатысты қорлауды, қанауды, сауданы және зорлық-зомбылық пен азаптаудың барлық нысандарын тоқтату


16.2.1 Соңғы ай ішінде ата-аналар және/немесе қамқоршылар тарапынан психологиялық агрессияға немесе дене жазасына ұшыраған 1-14 жастағы балалардың үлесі

(пайыз)

Барлығы:		2010	2015
		49,4	52,7
<i>жергілікті жері бойынша</i>			
	қалалық жер	48,9	51,7
	ауылдық жер	49,9	53,5
<i>жынысы бойынша</i>			
	ұлдар	53,7	55,2
	қыздар	45,1	49,9
<i>жасы бойынша</i>			
	1-2	...	38,3
	3-4	...	53,2
	5-9	52,7	47,4
	10-14	57,8	53,9

16.2.2 100 000 адамға шаққандағы адам саудасына байланысты жәбірленушілер саны

(100 000 адамға)




16.3-міндет

Ұлттық және халықаралық деңгейлерде құқық үстемдігіне жәрдемдесу және барлығына сот төрелігіне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету


16.3.2 Үкім шығарылғанға дейін қамауда ұсталатын адамдардың жалпы санына пайыздық қатынаста ұсталғандардың саны

(пайыз)




16.3.2.1 Мемлекет кепілдік берген тегін заң көмегін алған адамдар саны

(адам)




16.3.3.1 Қаралған істердің жалпы санына татуластыру рәсімдері арқылы шешілген сот істерінің үлесі (пайыз)



16.3.3.2 Құқық қорғау органдарына сенім деңгейі (пайыз)


Сенуге болады деп есептейтін халықтың үлесі:



16.4-міндет

2030 жылға қарай заңсыз қаржы ағындары мен қару-жарақ ағындарын едәуір азайту, ұрланған активтерді табу және қайтару және ұйымдасқан қылмыстың барлық түрлерімен күресу жөніндегі қызметті күшейту

16.4.2.1 Ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар саны (ҰҚТ) (жағдай)






16.5-міндет

Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін едәуір қысқарту


16.5.1 Алдыңғы 12 айда мемлекеттік лауазымды тұлғамен кемінде бір рет байланыста болған және мемлекеттік лауазымды тұлғаға пара төлеген немесе осы мемлекеттік лауазымды тұлғаға пара талап еткен адамдардың үлесі

(пайыз)




16.5.2 Алдыңғы 12 айда кем дегенде бір рет мемлекеттік лауазымды тұлғамен байланысқан және мемлекеттік лауазымды тұлғаға пара берген немесе олардан осы мемлекеттік лауазымды тұлғаға пара талап еткен коммерциялық компаниялар үлесі

(пайыз)



16.5.2.1 Халықтың сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы

(пайыз)












16.6-міндет

Барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және ашық институттар құру


16.6.1 Функционалдық топтар бойынша бөлінген бекітілген бюджетке пайыздық қатынаста республикалық бюджет шығыстары

(пайыз)


	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы:	91,2	110,9	130,3	104,5	112,1
 Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	149,4	129,5	109,3	114,1	129,7
 Қорғаныс	98,4	106,5	104,6	99,5	116,2
 Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	89,3	108,6	113,9	120,1	106,0
 Білім беру	82,9	119,0	106,8	123,6	98,6
 Денсаулық сақтау	93,8	112,7	99,9	100,4	107,3
 Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	94,4	99,5	103,7	98,7	110,2
 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	80,9	167,1	104,5	120,1	135,7
 Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	88,1	126,0	140,0	124,7	110,9
 Жер қойнауын пайдаланудың отын-энергетикалық кешені	104,6	136,4	179,4	111,7	139,8
 Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	105,5	157,8	134,2	139,0	99,9

	Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	87,1	106,8	418,6	245,3	121,8
	Көлік және коммуникация	88,3	121,6	116,9	99,3	104,5
	Өзгелер	51,2	99,7	651,2	98,2	169,9
	Борышқа қызмет көрсету	97,9	115,9	87,7	97,6	101,1
	Трансферттер	100,0	100,1	100,6	100,5	100,0

16.6.2.1 Өтініштер бойынша тексеру барысында анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың қалпына келтірілген құқықтарының үлесі
(пайыз)



16.6.2.3 Әкімшілік жауапкершілікке тартылған азаматтардың саны
(100 000 адамға)









16.9-міндет

2030 жылға қарай барлық адамдарда туу туралы куәлікті қоса алғанда, заңды жеке куәліктерінің болуын қамтамасыз ету

16.9.1 Тууы азаматтық органдарда тіркелген, жасына қарай бөлінген бес жасқа дейінгі балалардың үлесі

(пайыз)

		2010	2015
Барлығы:		99,7	99,7
<i>жергілікті жері бойынша</i>			
	қалалық жер	99,9	99,9
	ауылдық жер	99,6	99,5
<i>жынысы бойынша</i>			
	ұлдар	99,8	99,7
	қыздар	99,7	99,7
<i>жасы бойынша</i>			
	0-11 ай	99,1	98,7
	12-23 ай	99,9	100,0
	24-35 ай	99,9	100,0
	36-47 ай	99,9	99,8
	48-59 ай	100,0	100,0



17-МАҚСАТ

«ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ ЖАҒАНДЫҚ ӘРІПТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛДАРЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ЖАНДАНДЫРУ»

Үкіметтер, жеке сектор мен азаматтық қоғам арасындағы жағандық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде жан-жақты қамтитын әріптестік қатынастарды жолға қою орнықты даму саласындағы күн тәртібін табысты іске асырудың бірінші дәрежелі шарты болып табылады. Бұл ретте бұл қатынастар адамзат пен планетаның мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған қағидаттар мен жалпы мақсаттарға негізделуі керек.

Орнықты даму мақсаттарын табысты іске асыру үшін ірі жеке компаниялардың қаржы қаражатын орнықты энергетика, инфрақұрылым және көлік, сондай-ақ дамушы елдердегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сияқты маңызды секторларға жұмылдыру, қайта бағыттау және босату жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажет.

2017 жылы Даму мақсатындағы ресми көмек көлемі 2016 жылғы деңгейден 0,6 пайызға төмендеді және 146,6 млрд. АҚШ. долларын құрады.

Соңғы жылдары Африкада Интернетті пайдаланушылар саны екі есе өсті. Алайда, 4 миллиардтан астам адам әлі де интернетті пайдаланбайды, олардың 90 пайызы дамушы елдерде тұрады.

Қазақстандағы 17 ОДМ бойынша прогресс:

Реципиент елдің санатынан донор елдердің құрамына ауысуына байланысты Қазақстан 2017 жылы басқа елдерге екіжақты және көпжақты арналар бойынша, оның ішінде гуманитарлық көмек желісі бойынша 43,3 млн. АҚШ долл. (ДРК – 35,23 млн. АҚШ) көмек көрсетті.

Тұтастай алғанда, Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар тартуда оң серпін сақталып отыр. Инвестициялық ахуалды жақсарту, бизнесті оң күтулер және орнықты макроорта аясында 2018 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ТШИ-дің жалпы ағыны 8,4%-ға ұлғайды және 17,3 млрд. АҚШ долларынан асты.

Қазақстандық өнім әлемнің 117 еліне экспортталады.

Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі 2017 жылы 79%-ды құрады.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметті капитал нарығын дамытудың ұзақ мерзімді саясатын қалыптастыруға, егемен қорлардың активтерін неғұрлым тиімді басқару үшін алаң ұсынуға, сондай-ақ қаржылық қызметтер көрсету саласындағы жетекші сарапшыларды оқшауландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЮНКТАД-тың 2019 жылғы Әлемдік инвестициялар туралы баяндамасына сәйкес, жалпы әлемде соңғы жылдар ішінде тікелей шетелдік инвестициялар ағындарының қысқаруы байқалады, бұл сондай-ақ 2017-2019 жылдар кезеңінде шетелге инвестициялайтын қазақстандық компаниялардың белсенділігіне әсер етті. Осылайша, шетелге тікелей инвестициялардың қазақстандық тікелей инвесторлардан ЖІӨ-ге кетуінің 2016 жылғы 3,1%-дан 2017 жылы 1,2%-ға дейін қысқаруы байқалады. 2019 жылы көрсеткіш 1,5%-ды құрады, бұл өткен жылдан 0,8%-ға жоғары.

ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік кірістер көлемінің тұрақты өсуі байқалады. Мәселен, 2015-2019 жылдары мемлекеттік кірістердің жалпы көлемі ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста 11,9%-дан 13,4%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, соңғы жылдары ішкі салықтармен қаржыландырылатын ұлттық бюджеттің үлесі 2 есеге жуық өсті.

Дереккөздер бөлінісінде ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік кірістер көлемін талдау кезінде өсім негізінен қосылған құн салығы, бірыңғай жер салығы, халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар, акциздер, табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

Сондай-ақ, талданып отырған кезеңде шетелдік тікелей инвесторлардан елімізге тікелей инвестициялардың жалпы ағымының тұрақсыз динамикасы орын алды. 2015-2016 жылдары бұл көрсеткіш 2 есеге жуық

